

ҚҰТТЫ ҚОНЫС



ӨР АЛТАЙДАН АРҚАҒА

Ананың көңілі толқыған, баланың көзіне қуаныштың жасы үйірілген сәт. Жүзінен сағыныш лебі ескен жұрт. Бірін-бірі құттықтап, көзбен, көңілмен түсініскен ағайын. Осы бір сұлу суретті сырттай емес, айдыны шалқыған жұртпен бірге тамашалаған бізде арман жоқ-ау! Егер қолыма қылқаламның құдіреті қонған суретші болсам, елге ел, жұртқа жұрт қосылған осы бір тамаша көріністі көркем картина етіп салар едім. Әттең, ондай өнерім жоқ.

(Жалғасы 3-бетте)

КӨШ КЕЛЕДІ

ОҚШАУ ОЙ

ҚАЙЫРШЫ ҚЫЗ, ҚАЙЫРЫМСЫЗ КЕЛІН



– Олар жоқтықтан, аштықтан көшеде немесе мешіт алдында қайыр тілеп жүрген жоқ. Жұмыс істеп, адал ақша табуды ауыр көреді. Жалқаулық жар бермейді. Біреудің еденін жуып, баласын бағудан арланады. Ал қайыр тілеуден ұялмайды. Өйткені, ұяты азайып кеткен. Ұят – ұядан пайда болады. Ал олардың тәрбиесі басынан, сонау бастау көзінен бүлінген.

– Зейнеп апа, мүмкін, олар шынымен жұмыс таба алмай, амалсыздықтан осындай қадамға барған шығар?

– Жоқ, балам, қазір екі қолға бір күрек табылады. Жұмыс істеймін деген кісіге кесіп, еңбек етем деген жанға нәсіп бар. Ал мешітке қайыр тілеп отырғанның бәрі – жалқау. Құлқынның құлы. Олардың намысы өлген. Намысы өлген адам еңбек етейін, адал ақша табайын, ұят болады – деп ойламайды.

– Біз осы күйге қалай түстік?
Көкейіміздегі осы сұрақтардың жауабын Зейнеп апай арыдан бастады.

(Толығырақ 3-бетте)

ҚЫЛТҰЗАҚ

ОҚҚА БАЙЛАНҒАН ОПЫҚ



Өмір үшін күрестің ұлы күрес екенін ол жаны қиналғанда бір-ақ сезді. Көз алдына өткен күндердің картинасы келіп, құлақ түбінде әлдебір әуен қайталанып жатқандай. Демі қысылып, көзі қарауытып, жүрегі жарылардай қиналды. Қара жердің бауыры өзіне қарай тартып, желке тұсынан қадалған ыстық шаншу тұла бойын күйдіріп-жандырып барады. Белден төменгі жағында жан жоқ. Басын сәл көтеріп алға қарай жылжып еді, қолынан келмеді.

(Жалғасы 7-бетте)

БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent) 50,81



RUB 5,49

DOLLAR 325.58

EURO 381.51

COM 4.23

АЛТЫН (ун.) 1262,60

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

- Әй байке, бізді таптап қайда барасың?



(Жалғасы 2-бетте)

on the web
JASQAZAQ.KZ

ҮКІМЕТ



министрі Татьяна Савельева мемлекеттік бағдарламалар бойынша қаржыны игеруде қай өңірдің артта келе жатқанын және қанша сомаға қандай нысан салынбағанын айтты. Оның сөзіне сенсек, аймақтарға жоспарда көрсетілген 59,7 млрд теңге түгел аударылған. Алайда ол ақшаның 458 млн теңгесі игерілмегені. Игерілмеген қаржының негізгі бөлігі мектеп салуға байланысты. Нақтылап айтар болсақ, Маңғыстау облысының Мұнайлы ауданындағы Бостандық ауылында 600 оқушыға арналған мектеп (189,3 млн теңге), Ақмола облысының Щучье қаласында 800 оқушыға арналған кәсіптік мектеп-интернат (150 млн теңге), Жамбыл облысындағы Байзақ ауылында және Тараз қаласында 1000 оқушыға арналған

ҚАТАҢ БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТ

Биыл 4,4 мың шақырымды құрайтын 22 тасжол салынады. Оған 356 млрд теңге жұмсалмақ. Бұл туралы үкіметте «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасының 2017 жылдың алғашқы жартысында іске асырылуының негізгі қорытындысын талқылау барысында инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

Министрдің айтуынша, аталған бағдарлама жүзеге асырыла бастағаннан бері республикалық маңыздағы 2 мың шақырым тасжолдың құрылысы жүргізіліп, қайта жөндеуден өтеді. Оның 1,3 мың шақырымы пайдалануға берілген. Атап айтқанда, Батыс Еуропа - Батыс Қытай халықаралық транзиттік дәлізі, Астана - Теміртау, Алматы - Қапшағай және Көкшетау-Петропавл бөлігі толық аяқталды.

Алқалы жиында Премьер-Министр Бакытжан Сағынтаев үкімет мүшелеріне «Нұрлы жол» жобаларының жүзеге асырылуын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша игеру көлемі 99,9 пайызды құрап отыр. Дегенмен, негізгі шара

екінші жартыжылдыққа жоспарланған. Осыған орай үкімет басшысы алдағы уақытта үлкен жұмыс күтіп тұрғандығын баса айтты. Б.Сағынтаев ұлттық экономика, қаржы министрліктеріне, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне игеруді және жобадан көрсетілген нысандардың барлығын дер кезінде іске асыруды қатаң бақылауда ұстауды тапсырды. Оған да негіз бар. Жиын барысында сөз алған қаржы вице-

мектеп (116,2 млн теңге) салынбаған. Т.Савельева бірінші жарты жылдыққа жасалған сараптамасы бойынша мемлекеттік бағдарламаның қаржысы толық игерілмей қалуы мүмкін екенін айтты. Осыған байланысты қаржы министрлігі биылғы бюджетті нақтылау жөнінде ұсыныс дайындап жатыр.

Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменовтың айтуынша, биыл елімізде 70 мектеп пен балабақша пайдалануға берілуі тиіс екен. Биыл Ұлттық қор қаражаты есебінен 109 мектеп салу үшін 71,7 млрд теңге бөлу көзделген. Қазірдің өзінде осы мақсатта жергілікті бюджетке 30,4 млрд теңге аударылып, толық көлемде игерілген көрінеді.

Бірақ министрдің сөзіне сенсек, сол 70 мектеп пен балабақшаның қазір тек бесеуі ғана пайдалануға беріліпті. Бұл небәрі 8 пайызды құрайды. Осыған байланысты министр жергілікті атқарушы мекемелерге 70 нысанның құрылысын бақылауға алып, пайдалануға берілуін қамтамасыз етуі тиіс екенін айтты.

(Өз тілімшізі)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

20

млн теңге.

Алматыда банкир, төртіп сақшысы, әскерилер салық төлемеген

6

студентіміздің Мысырда не үшін қамалғаны әлі анықталған жоқ

765

мың теңге.

Ақтөбе тұрғыны Оралға жеткізілуі тиіс үш тонна алманы сатып жіберген

Рахым ОШАҚБАЕВ, ЭКОНОМИСТ:

«Міндетті медициналық қорының алғашқы жылдағы шығыны 8,6 млрд теңгені құраса, 2020 жылдан кейін бұл көрсеткіш 13,4 млрд теңгеге жетеді. 5146 қызметкері бар денсаулық сақтау министрлігінің жылдық шығыны 17 млрд теңге шамасында. 251 қызметкер жұмыс істейтін қордың шығыны неліктен көп? Өйткені, олардың бәрі өте қымбат кеңсені жалдап, аса қымбат көлікте жүретін болу керек. Жалақысы да өте жоғары. Мысалы, қор басшысының айлығы 1,7 миллион теңге. Ал басқарушы директорлары ай сайын 1,1 млн теңге алады. Мұның бәрі сіз бен біздің ай сайын медициналық сақтандыруға деп беретін ақшамыз»

Елжан БІРТАНОВ, денсаулық сақтау министрі:

«Бүгінде дерттің түрі ауысып, бірінші орынға созылмалы ауру шықты. Осыған орай біз ақшаны көбірек табудың мәселесін ойластыруымыз керек. Ал медициналық әлеуметтік сақтандыру жүйесі бірінші кезекте осы саладағы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Біздің азаматтардың тарапынан көбінде мынадай қарапайым сұрақ туындайды. Осы елдің азаматы ретінде бұрыннан жолға қойылған жүйенің қандай көмегі бар? Иә, салық төлеп жатыр. Алайда бюджеттен бөлінетін қаржы жетіспейді. Сол себептен емделуші айлап дәрігерге қаралу үшін кезекке тұрады. Біз өз денсаулығымыз, болашағымыз үшін осы ақшаны жинауымыз керек. Менің ойымша, бұл жақсы тәжірибе»



Қызықстан қызықтары

ЖАҒАЖАЙДАҒЫ ДАРАҚЫЛЫҚ

Қазақ десе, өзіне тиеді. Алматылық бір жігіт қырғыздың Ыстықкөліне барып, суға көлігімен қойып кетті. Оқыстан емес, әдейі. Мақтаныштың да шегі бар. Ал жерлесіміздің бұл есерсоқ қылығы шектен шыққаны анық. Әр елдің заңы, тәртібі бар. Бойұсынбасан, жауапқа тартыласың. Ойланбай жасаған осындай

бір есердің кесірінен бүкіл қазаққа сөз келеді. Мынау соның бір көрінісі. Әлгі «темір тулпарын» шомылдырған жерлесіміз жауапқа тартылыпты. Осы оқиға туралы жазған Bnews.kz сайтына сүйенсек, ол заңға сәйкес 3-5 мың сом (14-23 мың теңге) қырғыз ақшасын төлеп құтылыпты.

Әлеумет.t⁰



Қойнауы құт, алқабы берекелі Ақмола облысындағы Бұландының тұсындағы таспадай тартылған, оқтаудай түзу тасжолдың қамшылар жақ қапталында қысы-жазы жеміс-жидек, саңырауқұлақ тәрізді жомарт табиғаттың жемісін сатып тұрған ат төбелідей жұртты көрер едіңіз. Тіпті ақырған ақпанның аязында да, шілдедегі қара қарғаның миы қайнайтын ыстықта да тапжылмай тұратындары бар. Бәрі тіршілік қамы үшін. Өзгеден жалғыз ерекшелігі ерінбейтіндігінде. Ал ерінбегеннің табиғаттың тартуынан алар сыбағасы соқталы.

Саңырауқұлақтың түр-түрі қаптап тұр. Үш литрлігі 1200 теңге. Несін айтасыз, ит тұмсығы өтпейтін орман-тоғайы мол Бұландының баурайы босағасына тепкілесе кетпейтін береке байланған жер ғой. Сатушылардың айтуына қарағанда, жаздың үш айында сауданың сәтіне орай миллион, бір жарым миллион орайында табыс табады. Еңбекпен келген, адал табыс.

— Маса-сонаға жем болып, балағынды бұтаға жыртқызып бүлдірген теру бейнеті мол шаруа, — дейді Евдокия әжей, — азын-аулақ зейнетақымызға сеп болсын деп тұрамыз-дағы.

ЕРІНБЕГЕННІҢ ЕСЕБІ ТҮГЕЛ

Осы тақырыпты бұрын да бір мәрте қауғағанбыз. Өз ағайынымызға байып кетпесе де, қазанын майлауға әбден жететін тіршіліктің көзін нұсқау үшін, өзгенің өлермендігін мысал ету үшін. Ол жолы жеміс-жидек сататындардың басым көпшілігі, тіпті түгелге жуық өзге ұлт екендігін таусыла айтқан болатынбыз. Ештеңе өзгермеді. Жел қағып, ыстыққа күйіп, бірақ бұйырған тиын-тебенін

Келінім мен немерелерім таңмен таласа тұрып орманға жүгіреді. Уысына тілкендерін теріп әкелген соң шөп-шаланнан тазартады. Әсіресе, жидектің қабығынан аршудың мекнатын айтпаныз. Қиындығы да шаш етекпен. Бірақ қаражат керек болған соң тұрамыз. Күніне сәтін салса, 4-5 шелек өткіземін. Кей күндері алушы болмай да қалады. Ондайда қайнатып аламыз. Текке бұзылып кеткенше сол жақсы.



тауып тұрғандардың арасында өз ағайынымызды емге таба алмайсың. Есесіне, жидектің жайын, саңырауқұлақтың сырын жетік білетін өзге ұлттың өкілдері Бұландының төсіндегі мен тегін табиғаттың тартуын нәпақа қылып тұр.

— Бәрі күнкөрістің қамы ғой. Зейнетке шыққан адамға бұдан артықтың қажеті де жоқ. Күнімен тамылжыған табиғаттың аясында жеміс-жидек тереміз. Таза ауада тұрамыз. Денсаулық үшін де пайдалы, оның үстіне уақытылы салығын төлеп, табысымызды тауып тұрсақ, қандай айыбы бар, — дейді Александр Костров. Сондай-ақ ол «Салығымызды төлеген соң жағдайымызды түсінген әкімдік күре жолдың осы бір мүйісінде тұруға рұқсат берген. Бірақ жол қауіпсіздігін сақтау үшін жолшылар бізді осы жерден күнде қуады. Әрірек барып тұрындар!» — дейді. Ол жерде орын бар, бірақ сәл қаға беріс болған соң жолаушылар бұрыла бермейді.

Тазаланған жидектің бес литрлігі төрт мың, танқурайдың 8 литрлігі алты мың, картоптың жана өнімінің 8 литрлік шелегі 1,5-2 мың теңге тұрады.

Қаражат сататындар да бар екен. Астананың төңірегінде қолдан егілген жеміс-жидек алқаптарынан теретін көрінеді. Тұрып сататындарға көтерме бағамен келісін 300-400 теңгеден өткізеді. Мұндағылар бес литрлік қарақатты екі мың теңгеге саудалайды. Жеміс-жидек саудасы да тәуекелді талап етеді. Өйткені, аптап ыстықта ұзақ сақтай алмайсың ғой.

— Бұрабай мен Астананың арасын жасыл орманға айналдырамыз деген ізгі ниет бар ғой. Егіліп те жатыр, әлі де екпек, — дейді Александр Костров, — орманның адамзат баласына беретін пайдасы шаш етекпен ғой. Топырақты эрозиядан қорғайды, қысқы бораннан, жазғы ыстықтан пана, дауылдан ық. Оның үстіне жергілікті халықтың дастарханын жүдтейтінін айтсаңшы.

Еңкеюге ерінбеген ел тамаша табиғаттың тартуымен ырзылығын теріп жеп тұр. Бәрі әлемі, үйлесімі. Тек ас үйде отырып, өңбес істі өзүрейді айтып, саясат соғатын біздің жұртты көре алмағандығымыз ғана өкінішті.

Байкал БАЙӘДІЛОВ,
журналист

— Қазақ тілін үйренудің жаңа әдістемесі әзірленгенін естідік. Ол әдіс жаңа оқу жылынан бастап енгізіле ме?

Сауалы

Аптаптың

Жауабы

Ерлан САҒАДИЕВ, білім және ғылым министрі:

«Бүгінде қазақ балаларының 90 пайызы мектепте өз тілінде білім алады. Биыл ұлттық бірыңғай тестке қатысқан түлектердің 76 пайызы сынақты қазақ тілінде тапсырды. Бұл өте жақсы көрсеткіш. Енді, баса назар аударатын проблеманың бірі — орыс мектептерінде оқитын 500 мыңға жуық оқушы қазақ тілінде сөйлемейді. Иә, осыған дейінгі әдістеменің дұрыс болмағанын жақсы білеміз. Дегенмен, жаңа әдістеме дайын. Биыл біз оны тәжірибе негізінде сол мектептерге таратамыз. Жаңа әдістеме баланың коммуникативті қабілетін дамытуды көздейді. Яғни сөзді жай жаттатқызып қана қоймай, сөйлеу арқылы тілді үйренуге болады»



Оқшау ой

— Олар жоктықтан, аштықтан мешіттің есігінде қайыр тілеп жүрген жок. Жұмыс істеп, адал ақша табуды ауыр көреді. Жалқаулық жар бермейді. Біреудің еденін жуып, баласын бағудан арланады. Ал қайыр тілеуден ұялмайды. Өйткені, ұяты азайып кеткен. Ұят — ұядан пайда болады. Ал олардың тәрбиесі басынан, сонау бастау көзінен бүлінген.

— Зейнеп апа, мүмкін, олар шынымен жұмыс таба алмай, амалсыздықтан осындай қадамға барған шығар?

— Жок, балам, қазір екі колға бір күрек табылады. Жұмыс істеймін деген кісіге кәсіп, еңбек етем деген жанға нәсіп бар. Ал мешітте қайыр тілеп отырғанның бәрі — жалқау. Құлқынның құлы. Олардың намысы өлген. Намысы өлген адам еңбек етейін, адал ақша табайын, ұят болады — деп ойлайды.

— Біз осы күйге қалай түстік? Көкөйіміздегі осы сұрақтардың жауабын Зейнеп апай арыдан бастады.

«ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ КЕЛМЕСКЕ КЕТТІ»

«Қыз тәрбиелеу — ұлт тәрбиелеу деген сөз. Біздің әр үйде өсіп жатқан қарақоз қыздарымыз — бәрі қазақтың болашақ ұрпағының анасы, ұлттың әжесі. Сондықтан, қызымызды ата-баба дәстүрімен, қырық үйден тыйым салатын саликалы салтымызбен өсіруіміз керек.

Бұл күндері қарап отырсақ, байлық па, барлық па, мақтаншақтық па, даңғазалық па, есіріктік пе, қалай дерімді білмеймін, тигімдей бір-екі жасар қыздың құлағын тесіп, алтын, тіпті гауһар тасы бар қымбат сырға салғанды көріп жүрміз. Осының қажеті қанша? Қазақ қыздың құлағын жеті жасында тескен. Өйткені жетіге дейін ол қуыршақ ойнап, тұлымшағы желбіреп, асыр салып, балалық дәуренді мейлінше бақытты өткізуге тиіс. Сырға тағу қыздың бойжете бастағанын, балалық шағынан алыстай бастағанын білдіреді. Қазір осы дәстүрді ойсыз жасап жүрміз.

Қыз тәрбиесін назардан шығарып алғанымыз жасырын емес. Бұған қыздарымыздың қалай болса солай: ашық-шашық киініп, кіндігін көрсетіп жүргені дәлел. Жас қыздардың көшеде ашықтан-ашық темекі шегіп, сыра ішіп жүргенін көріп жүрсек те, мән бермеуге айналдық. Олардың ертенгі ана екенін естен шығарып жүрміз. Ал біздің ата-бабамыз балалық дәурені өтісімен қызға дұрыс тәрбие беруді колға алған. Қыз — аз күнгі қонақ деген. Сондықтан да күні ертен келін болып түскен жерінде ата-анасына, ауылына сөз келтірмейін алдын ала ойлаған. Ескі қоғам — ескіліктің қалдығы емес, мәдениеттің озық заманы болған. Әттен, қазір соның бәрінен айырылды!

— Ақыл айтатын ата, өнеге болатын ене бар емес пе еді?

— Қазір келін мен ата, ене мен күйеубала шөлмектес. Бұл ұлттық құндылығымыздың азғындауы. Жасыратыны жоқ, қазір атасының алдында «шорти» киіп шолтандап, енесінің алдында тар, ашық-шашық майка киіп, қарнын жарқыратып, кіндігін көрсетіп жүрген келін қаншама! Ар санамайды. Тіпті ұялмайды.



Денесінің ашығынан ұялмаған келіннің бетінде ұят қала ма? Жок! Әр халықтың өзіне ғана тән дәстүр, салты бар. Егер сол жолдан аттасаң, онда тамырыңнан айырылып, азғындық жолға топ ете қаласың. Өйткені, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ар-иба — ұлттың рухани коды.

Өзбектерге таң қаламын! Олар дүниенің қай бұрышында жүрсе де, өзбек! Басында ала тақиясы, үстінде ала шапаны, атлас көйлегімен «Мен өзбекпін!» — деп мақтанып тұрады. Ал біз ұлттық миен түгілі, тілімізден ұяламыз. Басқа тілде сөйлеуге, басқа елдің дәстүрімен жүруге бейімбіз. Еліктегішпіз. Өзіміздегі

Соңғы жылдары Алматыда үлкен-кіші мешіттердің айналасын көмбәғал, мүгедек қайыршы ғана емес, бүддіршін қыз, жас келіншек торуылдап, қайыр тілейтін болған. Тастаған тиын-тебенге таласып-тармасып, қызыл кеңірдектесіп жатады. Осы көрініс көзге тым қораш көрініп жүргені анық. Мешітте қайыр тілейтін қыз-қырқын, келіншек неге көбейіп кетті? Батыр Бауыржан Момышұлының келіні, зерделі ана Зейнеп Ахметоваға осы сауалды қойдық.

бардың қадірін-қасиетін білмейміз. Білгіміз де келмейді. Қажет болса, басқа халық болып кетуге, ұлттымызды өзгертіп алуға да дайынбыз!

«ҰЛТЫҚ НАМЫС ЖОҒАЛДЫ»



Зейнеп АХМЕТОВА:

Қазақтың қызы неге шетелге құмар? Неге шетелдікке күйеуге шығуға сонша құмар? Әлемнің барлық тілін біл, бірақ ана тілінді ұмытып, ұлтыңнан безсең, онда шірік жұмыртқасың. Ауылда жүрген ұлды да, қызды да «пәленшенің қызы, түгеншенің баласы» деп шақырады. Мақтаса да, боктаса да әкеннің атымен атайды. Жаксы сөз де, жаман сөз де өкене ғана тиеді. Ал үйден қырық қадам аттаған соң өкеннің атымен аталайсың. Әсіресе, шетелде

дейін шаршаған сәтте бір мезгіл кесте тіккенді жақсы көремін. Кестенің өрнегіне қарағанда адам бөтен ой ойламайды. Ойыннан өрнек салып отырғанда тек соның әдемі болып шығуына көңіл бөлесің. Есіме түскен мына оқиғаны айта кетейін. 1974 жылы Атаның (Бауыржан Момышұлы — ред) туған күніне арнап әдемі екі жастыққап кестеледім. Әлі күнге дейін сақтаулы. Ата жастыққапты көргенде: «Мені ұзататын қыз құсап... Мынауың не?» — делі ашуланып. «Ата, кешіріңіз, мен мұны өз қолыммен сізге арнап тіктім», — дедім. Сонда барып атаның жүзі жылыды, әйтпесе лактырып жіберер ме еді... «Қарай ғар, тура машинамен тіккендей», — деп еді сонда өз қолыммен тіккен еңбегімді бағалап. Қолдан істелген нәрсе бөлек болады. Бертінде екі немереме арнайы төркөрге жасадым. Оны ана жер, мына жерден теберікке берген маталардан құрадым. Ондай теберікке берілген бір жапырақ матаны біреуге бере алмайсың, қалай болса солай тастауға болмайды, мейлінше қажетке жаратқан жақсы. Төркөрпені тігіп жатқанымды көргенде «жұмыс істемегендіктен, ерігіп тігесің ғой, әйтпесе бұл күнде не керектің бәрі дүкенде толып тұр» дегендер де болды. Өкініштісі, мен мұны мүлде басқа мақсатпен тіккенімді олар түсінбеді. Біріншілден, бұл — талай үлкен кісінің теберігі, Құран оқылған жерден келген қыжым, пүліштер. Екіншілден, мен соны өз қолыммен тігіп отырмын. Ертенгі күні мен өмірден өткен кезде Анарым (келіні) әжесінің немерелеріне өз қолымен тіккенін айтып, мұны келіндеріне табыстайды. Қазақтың кез келген колөнері атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа осылай жеткен жок па?! Өзіміздің колөнерімізді осылай дамытып, түрлендіріп мұра етіп қалдырмадық па?! Бұдан шығатын қорытынды — қыз тәрбиелі болса, келін өнегелі болады. Келін өнегелі болса, ана парасатты болады. Ана парасатты болса, әже данышпан болады. Өмір осылай жалғасады.

«ТЕКТІ БОЛМАУҒА ХАҚЫМ ЖОҚ»

Мен — Момышұлының келінімін. Бұл менің — төлқұжатым. Момышұлының келіні болғаным үшін

текті әйел, асыл әже болмауға хақым жок. Оның үстіне менің анам да салт-дәстүрге қатты кісі еді. Сөйлеген сөз, істеген ісіміздің бәрін ол қаалап қарап отыратын. Шалыс кетсек, аямаушы еді. Анам өмірден өтер-өткенше қазақтың салт-дәстүрінің үкісін қисайтпай ұстаған адам еді. Ата-баба аманаты болған қазақы ғұрып, салт, әдеп-ибаның бәрін құлағымызға құйды. Қайын атаның кебісіне аяқ сұқпайтын, ененің төсегіне отырмайтын, үлкеннің алдын кесіп өтпейтін, ертең ерте бет жумай от жақпайтын адам етіп тәрбиеледі. Мінеки, байырғы қазақтар осы дәстүрмен, осы ережемен тәрбиелейді ұл-қызын.

Қазақтың қыздары күйеуге тигенге дейін ешқашан басына орамал салмаған. Мен өз басым, кішкентай қыз баланың басын тұмшалап, орамал немесе хиджаб салып қойған дұрыс емес деп есептеймін. Өйткені, ол ертенгі күні өзі таңдауы керек. Баланың ішкі жан дүниесі, Алланы тануы деген сияқты сауалдарға уақыты келген кезде өзі таңдау жасайды. Дінді ұзын, қысқа көйлек киген «модаға» айналдырып алу

дұрыс емес.

«Атам заманнан келе жатқан салт 25 жылдың ішінде дұрыс болмай қалды, оның барлығы дінге қарсы болып қалды» — дегенге қарсымын. Қазақ салтының дінге қарсы ештенесі жок.



Ата дәстүрімізден алыстасак, құрлымға кететін жеріміз сол болады. Өйткені, дін — сенім, дәстүр — иммунитет. Дінімізді дәстүрімізбен бірге ұстаған бабаларымыз ешнәрседен қателескен емес. Соны айтқан, бабалар жүрген жолды көрсеткен біз неге қателесуіміз керек? Соны түсінбеймін.

Жазып алған
Жарас КЕМЕЛЖАН

QOĞAM ЖЖ 3
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Құтты қоныс

(Басы
1-bette)

Есік

пен төрдей алып көк автобустың есігі айқара ашылды. Ішінен тоғыз жастағы қара домалақ бала жүзі жайнап, көзі бал-бұл жанып шығып келе жатыр. Періштенің жүзіндегі қуаныштың шынайылығы соншалық, атажұртқа деген әппақ сезімін жанарындағы жанған оттан анық байқайсыз. Өйткені, оның табаны қиялындағы атажұрты, арманындағы ұлы Отаны — қазақ топырағына алғаш рет тіліп тұр. Бала қуанса, шын қуанады. Тоғыз жастағы Хангелді шекарашылар үйінің маңдайына ілінген, желбіреп тұрған көк тұта

жабылып, ауылдан қидын иісі кеткелі қашан?! Солтүстік облыстарды қазаққа толтыру керек. Бұл туралы газетімізде үзбей жазып отырады. Солтүстік өңірдің демографиясы демігіп тұр деп жазғанбыз. Табиғи өсімі төмен. Көш көлігі қантарылса, сырқат мендеп кетпек. Мәселен, 1992 жылы Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының саны 917 мың адам болған. 2016 жылдың 1 қантарындағы көрсеткіш 569,5 мың адамға тұрақтапты. Енді салыстырып қарайық, дәл қазір Петропавл қаласында бар болғаны 200 мың шамасында тұрғын бар. Ал Ақмола облысының орталығы Көкшетау қаласында 140 мыңға жуық тұрғын тіркелген. Аз ба, аз.

ӨР АЛТАЙДАН АРҚАҒА КӨШ КЕЛЕДІ

қарап көңіліндегі көрікті ойын бізге мына бір ауыз сөзбен түйіп тастағандай әсер етті. «Енді қазақша оқитын болдым!» — дейді қуанып. Періштенің кірішкісі таза көңілінен біздің де жүрек бір тулады. Миллиардтың елінен қазақ топырағына бірінші рет аяқ басып, жарыла шаттанып тұрған жас өскін үшін бұдан артық тәтті сөз, тәтті арман бола ма!

Алтаының алғашқы күні. Өр Алтайдан ат басын бұрып, атамекеніне бірінші рет қадам басқан көшті қазақ-қытай шекарасындағы «Қорғас» бекетінде бір топ журналист және қоғам белсенділері қарсы алдық. Бұл көшті мемлекеттің мойнына салмай, өз қаражат-қаржысымен күтіп алған белсенді топтың жомарттығына риза боласыз. Топ жетекшісі Қыдырәлі Оразұлы



«Павлодар облысына барып, ондағы ауыл әкімдерімен келісіп, көшіп келген ағайынға баспана алып беруге уағдаласып қойдық. Енді тек көшіп келем дейтін ағайын болса болғаны» — дейді. Қарсы алушылардың арасында Қыр Шығыстағы оймақтай аралдан келген Жапонияның әлемге өйгілі NHK телекомпаниясының өкілдері де бар. Олар көшпенділердің дала дәстүрі — көші-қонды түсірмекші екен. «Біздің мақсат — далалық мәдениетті сақтаған көшпенділердің бүгінгі тыныс тіршілігін көрсету. Атажұртына орылған көшті таспалап, тарихи құжат ретінде мұрағатқа қалдыру. Жапонияда мұндай мәдениет жок. Сондықтан да көшпенді дәстүрі бізге тансық» — дейді телеарна тілшісі. Бір байқағанымыз, жапон тілшілері осы көшті бізден де артық күтті. Аспандағы қара қарғаның миы қайнайтын аптап ыстықта тапжылмай бірнеше сағат бойы жолға қарап отырды. Қалай таң қалмайсыз!

Сонымен, ат тағалап, атан қолдап көшкен ағайын — Күнес, Көктоғай, Текес, Тоғызтарау аудандары мен Құлжа қаласынан шығыпты. Жер шалғай емес, бірақ бұл көш бұрынғы көштен өзгереді. Өйткені, олар қазақ сирек қоныстанған солтүстік өңірге барады. Ішкі және сыртқы көші қонға құшағын ашып отырған өңірлер — Павлодар облысы, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстары. Қостанай мен Батыс Қазақстан облысы, Атырау облыстары.

Жасыратыны жоқ, теріскейде қазақ саны аз. Қазақ мектептері

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 6 отбасына тұратын үй дайындап қойды», — деп хабарлаған біздің Ақмола облысындағы тілшімізге.

Шығыстан теріскейге маңдай түзеген бұл көшті ұлы көш деуге әбден лайық. Халық жазушысы Кабдеш Жұмалилов: «Біздің суала жаздаған сортаң теңізімізге, шеттен келген бауырларымыздың қосылуы таза бұлақ сияқты әсер етті», — деп айтыпты. Тауып айтылған сөз! Сол Көкше өңіріндегі тілшіміз Байқал Байәділов «Оңтүстіктегі ормандай қалың елмен, Алтай асып келген қарақоз ағайынмен сан ғасыр бойы жалғасып келе жатқан ғажайып салт-дәстүріміз, әдемі әдет-ғұрпымыз, жол-жоралғымыз оралып, ұлттық үрдістің ұлағаты бірге келер еді. Әрине, тағы бір қайталап айталық, ұлы көштің барысында ат сүрінуі, қолдағы жүктің еттеп қисаюы мүмкін. Жұмақ орнап тұр деп тағы да айта алмаймыз. Ішінара қиындық та жоқ емес. Солтүстікте «Алма піс, ауыма түс» дейтін масылдық психология жүре бермейді» — деп жазған еді.

Мемлекет белгілеген осы өңірлер шынымен қазақы иіске, қазақы қауымға сусаған. Ендеше, өр Алтайдан асқан қазақ көшінің бұйдасы үзілмесе екен! Қорғастан Алматыға дейінгі ұзақ жолда шеттегі бес миллион қарақөздің тағдыры бүгінгі бес отбасының тағдырындай елестеді маған. Көш байсалды болсын!

Жарас ШӨКЕ,
Руслан ДОСТАЕВ,
Алматы — Қорғас — Алматы




Тұсаукесер

Еліміздің сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, кітаптың тұсаукесері Астанадағы Тұңғыш Президент кітапханасында «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметінің 25 жылдығы: қорытындылар, жетістіктер, болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының барысында өткен.

Іс-шараға шетелдік дипломатиялық корпусстың өкілдері, саясаткерлер, сарапшылар және журналистер қатысты.

Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов жана туынды Елбасының Сирия дағдарысын реттеу жолдарын іздеуге бағытталған белсенді



Сириядағы аса қиын жағдайдан шығу жолын іздеу процесіндегі әлемдік лидерлер мен халықаралық ұйымдардың басшысымен сұхбатынан үзіндіге, қызықты факті мен материалға қанық.

Мемлекет басшысының халықаралық бастамасымен қоса алғанда, сириялық және Ресей мен Түркия мәселелеріндегі бітімгерлік белсенділігіне талдау жасаған. Кітаптың авторы Елбасының бұл әрекетіне халықаралық қауымдастықта бейбітшілік пен өзара сенім орнатуға бағыттау идеясы себепші деген қорытындыға келеді.

Сондай-ақ кітапта Елбасының ислам әлемінің одан әрі дамуы туралы пікірлері де келтірілген. Ислам дінін ұстанатын елдер ішіндегі алауыздық пен өзара жанжал секілді басты қауіп-қатерге көңіл аударылады. Қазіргі кезеңде мұсылман мемлекеттері арасында жік арта түсуіне байланысты 2016 жылы Ислам ынтымақтастық ұйымының Ыстамбұл саммитінде «Ислам әлеміндегі татуластық» жөнінде Қазақстан мен Түркия президенттерінің

Еліміз БҰҰ-ның тұрақты емес мүшесі ретінде әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықтың сақталуы үшін айтарлықтай үлес қосып келеді. Мұның жарқын дәлелі осы айдың басында ғана аяқталған Астана процесі. БАҚ процестің қалай өткендігін кім қатысқандығын ғана ақпарат етіп таратты. Осы тақылеттес ғаламдық мәселелердің шешілу жолында еліміз қандай іс-әрекетке барды. Шиеленістер неден бастау алды және болашағы қандай болатыны егжей-тегжейлі оқырманға жол тартуы тиіс болатын. Көп ұзсамай осы мәселе төңірегінде жарық көрген отандық дипломат Нұрлан Оңжановтың «Бітімгер: Сирия түйіні» кітабы біраз дүниені қамтыған.

кезеңін қамтиды. Онда Астанадағы сирияаралық келіссөздердің өткізілуіне кім мұрындық болды? Мәскеу мен Анкара арасындағы қарым-қатынастың қалпына келтірудің ұзақ үлерісі қалай өтті? Барлық осы үрдістердегі Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың рөлі қандай? — деген сауалдарға жауап табуға болады.

Сириядағы дау-жанжал жалғасын тапса да, бүгінде бұл қатығысты тоқтатуға көмек көрсететін кезең келді.

Ресей, Түркия мен Иран басшыларының сирияаралық келіссөздерді Астанада өткізу

БЕЙБІТШІЛІККЕ ҮНДЕЙТІН КІТАП

әрекеті мен Ресей мен Түркия арасында 2015–2016 жылдарда орын алған шиеленісті шешудегі маңызды рөліне арналғандығын атап өтті.

Кітап Н.Назарбаевтың Мәскеу мен Анкара арасындағы шиеленісті шешу, сондай-ақ

бірлескен бастамасының өзектілігі артуда. Жиынға қатысушылардың



Әбдіманап КЕҢЕС

пікірінше, Елбасының «Ислам» және «Прогресс» ұғымдары арасында теңдік белгісін мәңгілік орнату қажеттілігі туралы ұсынысы уақытылы әрі келешек ұрпақ үшін аса маңызды.

Жалпы, «Бітімгер: Сирия түйіні» кітабы Сирия шиеленісінің 2011 жылғы басталуы мен 2017 жылғы маусымға дейінгі

туралы уақытылы бастамасы Сирияда атысты тоқтатуға жол ашты. Аталған мемлекеттер қазіргі күнде бұл келісімдерді жүзеге асыру бойынша күш-жігерін салуды жалғастырып жатыр. Сонымен қатар Астана алаңы Женева процесіне демеу болғандығын атап өту керек. Қазақстан келіссөздердің екі алаңда да жүргізілуін қолдайды. Жанжалды реттеу үшін Сирия ішіндегі және сырттағы барлық мүдделі тараптар күш-жігерлерін біріктіру қажет. «Бітімгер: Сирия түйіні» кітабының басты ой өзегі осы.

Келісім

Еліміз АҚШ пен Ресей арасында Сирияның оңтүстік-батысында қақтығысты бәсеңдету аймақтарына қатысты соңғы уағдаластығын құптайды.

Осы жылдың 9 шілдесінен бастап Сирияның Әл Кунейтра, Дериа және Әс Сүйеда провинцияларында бітімнің орнатылуы Сирияның барлық аймағында соғыс амалын толығымен тоқтату жөнінде тағы бір нақты кадам екендігі белгілі.

Еліміздің сыртқы істер министрлігі Сириядағы қақтығысты мүмкіндігінше тез арада реттеуге мүдделі барлық тарапты, оның ішінде ел үкіметі мен оппозициясын соғысты тоқтату режимін сақтауға шақырады.

Сирияда бейбітшілік пен тұрақтылықты қайта орнату үшін Ресей мен АҚШ және басқа да

ТАТУЛЫҚТЫ ТҮ ЕТКЕН



мүдделі тараптар арасында өз сындарлы іс-қимылдың дамитынына сенім мол.

БҰҰ аясында Сирия жөніндегі Женева бейбіт келіссөздеріне толық қолдау білдіріліп жатыр. Сондай-ақ Сирия дағдарысын реттеудің саяси процесі шеңберінде нақты шешімге қол жеткізілуі мүмкін.

Еліміз Сирияда ұрыс амалдарын тоқтату режимін нығайту бойынша Астана процесінің шеңберіндегі бейбіт келіссөздің жалғасуы үшін жағдайды одан әрі қамтамасыз етуге дайын.

Сырт көз

БАҒЫТЫ АЙҚЫН, ҚАДАМЫ НЫҚ

Қазіргі таңда әлемде жаһандану үрдісі жүріп жатыр. Оның жағымды әрі жағымсыз тұсы бар. Осыған орай, әрбір мемлекеттің алдында әлемдік деңгейде өзінің лайықты орнын табу міндеті тұр. Қазақстан Республикасының Президенті, Жоғары мәртебелі Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында өз мемлекетінің алдағы уақытта қарқынды дамуы мен әлемдік қоғамдастықта табысты интеграцияны жүзеге асыратын басым бағытты көрсетті.

Қазақстан табиғи ресурс қорына бай мемлекеттің қатарында болса да, Н.Назарбаев халықаралық даму тенденциясын ескере отырып, қазақ қоғамының ішкі жаңғыруына аса мән беріп отыр. Менің ойымша, Президенттің ішкі бәсекелестікті арттырып, әлемде болып жатқан өзгеріске бейімделуді көздеуі құптарлық іс. Бұл үнемі өзінді өзін дамыту арқылы келеді. Шет тілін үйреніп, компьютермен жұмыс істеуді меңгеруі тиіс.

Қазақстан көшбасшысы 1990-жылдардың басында-ақ жастарға аса көңіл бөліп, білім алуына күш салды. Халықаралық «Болашақ» стипендиясын тағайындады. Осы бағдарламамен шетелден білім алып келген түлектер қазіргі таңда өз



тәжірибесімен бөлісіп, мемлекеттік мекеме мен ұлттық компанияда қызмет етуде. Әлемде жастардың білім алуын қолдайтын мұндай мемлекет санаулы ғана.

Н.Назарбаевтың ақын-жазушылардың кітабын БҰҰ-да қолданылатын тілдерде аудару туралы ұсынысы маңызды. Себебі осы арқылы Қазақстан мәдениетін, қазақ өркениетін таныстырды. Бұл шетелдік оқырмандардың байтақ елдің дамуына, мәдениетіне, тарихына үнілуге септігін тигізеді деп ойлаймын.

Драгомир Ж.КАРИЧ,
қоғам қайраткері
Сербия

Қорған

Ақмола облысының орталығы Көкшетауда әскери-патриоттық өндөрдің байқауы өтті. Бөлімшенің сымдай тізіліп, сап түзөп, өңдетіп барады. Әні «Қоғалай», «Есік алды қоғалай, әркім көңілі жоғары-ай» деп өңдетеді сарбаздар. Сарт-сұрт басқан қадаммен ән ырғағы қабыспаса да, көңілдері көтеріңкі. Ырғақты айтасыз, мазмұн да майысып тұр.

— Осындай да ән болады ма екен? Қоғалайынды дастархан басында айтса айтатын шығар, бүйірі қызған қазақ не айтпай жатыр, тейірі. Ал ел қорғайтын жауынгерлердің ән сорабы басқа болса керек-ті. Жігерін жанитын, қайратын қайрайтын, Отанды сүюге, қорғауға шақырған ән керек емес пе? — дейді Жамбай ақсақал Бектеміров.

Ақсақал айтса айтқандай, талғамның тайызданып, өлшемнің өңі оңып кеткен заман-ай, десеңізші. Содан барып Көкшетау қаласындағы Жанайдар Мусин атындағы жоғары педагогикалық колледжде 2011 жылы құрылған, ізгі мақсаты жастар мен оқушылардың бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастыратын, өз Отанын

құрметтеуге тәрбиелейтін, Қарулы Күштер қатарында қызмет етуге қызығушылығын арттырып, даярлығын тиянақтайтын шаруаға ойысқан ұйым ретінде құрылған «Айбын» әскери-патриоттық клубының материалдық-техникалық базасымен танысып қайттық. Клубтың әскери-патриоттық тұғырнамасы, әнұраны, туы және эмблемасы бар. Анты «Тізерлеп өмір сүргенше, тік тұрып өлгенің артық!». — Жастардың бойында отансүйгіштікті қалыптастыру өте маңызды іс, — дейді алғашқы әскери дайындық пәнінің жетекшісі, лейтенант Сағидолла Орынбек, — ал біздің колледжде бұл міндет екі есе. Олай болатындығы, оқу орнының түлектері ертен өзі де бала тәрбиесімен айналысады. Сондықтан, «ұяда не көрсеп, ұшқанда соны ілерсін» дегендей, қазірден бастап болашақ ұстаздардың өзінің бойына осы



ЕЛІМНІҢ АЙБЫНЫН АСЫРҒАН!

бір ғажайып сезімді қотарып құйғанымыз абзал болмақ.

«Айбын» әскери-патриоттық клубының мүшелері Қазақстан Республикасын қорғау жөніндегі конституциялық құқығын ұғынуға, Қарулы Күштердің сипаты мен мақсатын, әскери іс пен азаматтық қорғаныстың негізін анықтап, түсінуге тиіс. Еліміздің Қарулы Күштеріндегі мерзімді әскери міндетті өткерудің жағдайына бейімделіп, өзіне сеніп тапсырылған қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы меңгеру үшін жас сарбазды дайындау мақсатында қажетті білім мен практикалық машықтанушылық, мінез-құлық орнықтылығын қалыптастыру тиіс. Айта кетелік, осы клубтың мүшелері күнделікті оқу-жаттығу барысында әртүрлі әскери тапсырманы орындап, дене жаттығуымен шұғылданады. Нақтырақ айтатын болсақ, спорттық жаттығу түрлері: қашықтыққа жүгіру, турникке тартылу, секіру. Ал әскери



Байкал БАЙӘДІЛОВ

жаттығудан Калашников автоматын құрастыру, нысанаға ату тәрізді тапсырмаларды орындап машықтанады. Арнайы әскери күн тәртібімен жаттығатын оқушылар темірдей тәртіп пен қатан талапқа үйренген.

— Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, өз бойымызда және балаларымыздың бойында қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Ең алдымен елге және оның игілігіне деген мақтаныш сезімді ұялатады. Біз, қазақстандық жастар өз Отанымызды қадірлеп, қастерлеп, бойымыздағы патриоттық сезімнің жоғары үлгісін таныта білуіміз керек. Сондықтан, колледж оқушыларын әскери-патриоттық клубқа қабылдап, оларды озық үлгімен тәрбиелеудіміз, — дейді клуб командирі Алмас Мұздыбаев.

Клуб мүшелері де тәрбиенің бағытына тәнті. Олар үшін бір жағы қызғылықты болса, екінші жағынан өмірлік тәжірибе, тамаша тағылым.

— Жастардың бойында туған халқына деген сүйіспеншілік сезімді туындата отырып, ұрпақтардың рухани бірлігін қамтамасыз етуге баулитын мақсат баршамыздың көңілімізден шығып отыр, — дейді клуб мүшесі Диана Оразалина, — біз жай ғана сапта жүру, түрлі жаттығуды орындаумен ғана емес, ел тарихымен де шұғылданамыз. Мәселен, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жауынгерлеріміздің ерлігін зерттеудіміз. Аталарымыздың атық демі таусылғанша Отан қорғауға қосқан ісі кейінгі желкілдеп өсіп келе жатқан жас ұрпаққа тамаша тағылым. Өткенді білу арқылы колледж оқушыларының бойындағы патриоттық сезімін жетілдіріп, сананы оятуға қызмет етеді.

Осылайша түптеп келгенде, біздің оқу орнының жүздеген жастары Отан мүдесін қорғауда азаматтық борышы мен конституциялық міндетін орындауға дайын болады.

«Айбын» әскери-патриоттық клубы облыстық сапта жүріп, ән айту байқауының төрт дүркін жеңімпазы, облыстық жиын жүлдегері, алғашқы әскери-патриоттық дайындық пәнінен өтетін облыстық олимпиаданың үш мәрте жеңімпазы. Сондай-ақ тағы бірқатар жарыстарда жеңіс тұғырынан көрінді. Айбыны асқақ, жігері жалынды, рухы биік жалынды жастарымыз жасай берсін!

Белес

Осы мәселе төңірегінде тұшымды ақпарат тарату мақсатымен инновацияның қайнаған

ортасы Алматы қаласындағы Alatau IT City технопаркіне келдік. Елдегі үлкен аймақты алып жатқан технопаркке алғаш келгенде құдды тірі жан жоқтай тым-тырыс. Аулада тек көлік пен басшылықтың қызметкерлерге арнайы салып берген футбол алаңы. Инновациялық орталық жайлы егжей-тегжейлі білу үшін ең алдымен арнайы экономикалық аймақтың басқарушысы Марат Сариевпен әңгіме өрбіттік.

Жас казак: «Алатау» технопарк қашан құрылды? Технопарк осы уақытқа дейін атқарған қызметіне тоқтала кетсеңіз?

Марат Сариев: Бұл арнайы экономикалық аймақ 2003 жылы Президент Жарлығымен бекітіліп, іргетасы қаланды. Негізінен, бұл парк 2006 жылы



Елбасының қатысуымен «ақпараттық технологиялар паркі» болып ашылған болатын. Кейіннен ақпараттық технологиялар паркі 2011 жылы «Инновациялық технологиялар паркі» болып өзгертілді. Былтыр 10 жылдығын атап өттік. Қазіргі уақытта аумағы 163 гектарды алып жатыр. Оның ішінде 21 гектары игерілген, яғни қолданысқа берілген. 2006 жылы ең алдымен инновациялық технологиялар паркінің инфрақұрылым жүйесі іске қосылды. Ендігі технопарктің мақсаты: еліміздегі инновациялық компанияларды дамыту. Сонымен қатар барлық аумақта жұмыс жасайтын ақпараттық және телекоммуникациялық, мұнай-газ секторларында, электроника, жаңа материалдар, жасыл технология саласындағы жаңа технология жасау мен жетілдіру мақсатындағы компанияларға арналған салық пен келендік жеңілдігі бар арнайы экономикалық аймақ болып табылады.

Жас казак: Технопарк қанша бөлімнен тұрады? Олардың басты бағыты неде? Немен ерекшеленді?

Марат Сариев: Бұл парк екі бөлімге бөлінген. Біріншісі – екі өндірістік кешен 500 орынға арналған асхана және дата орталық. Ал екінші бөлім, 142 гектарды құрайтын жерге биыл жаңа әкімшілік салынбақ. Бұдан бөлек, әр кәсіпорынның инфрақұрылымы орналасқан. Осы аймақты салу барысында 150-ге жуық компания болады деп жоспарлаған болатынбыз. Бүгінде бұл деңгейден асып кеттік. Қазір өндіріс орны мен кешсе бос емес. 10 жылдың ішінде көптеген жұмыс атқарылды. Өндіріс ошағы ашылды. Отандық өнімді өндірушілер пайда болды. Мұнда LED экран, Қазақ-Британ техникалық университетіндегі теңізші мамандарының жаттығуына арналған арнайы базаны атап өтуге болады. Сонымен қатар Kazakh innovation компаниясы біздік шығаратын зауыт құрылысын бастау алдағы жоспарда тұр.

Жас казак: Бұл экономикалық аймаққа берілген негізгі тапсырма қандай?

Марат Сариев: Ең алдымен, Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму жоспарындағы тапсырмаларды мемлекет қолдауымен іске асыру. Отандық және шетелдік инвесторлар тарапынан қолдау тапқан инновациялық жоба, стартаптардың қатысушы компаниялары үшін технопарк тарапынан тиімді жағдай жасау. Сондай-ақ



елімізбен қоса, шетелдің жоғарғы технологиялы инновациялық-индустрия саласындағы өнеркәсіп орындарын іздеп, олармен кәсіптік байланыс орнату. Осы технопарк кешенінің аумағындағы нысан мен құрылыстардың жетіліп отыруын, үздіксіз жұмысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Жас казак: Мұндағы технология қай елдерден әкелінді?

Марат Сариев: Біз, әрине, жергілікті, яғни өзіміздің технологияны қолдануға тырысамыз.

Инновациялық экономика құру – ел дамуындағы ең басты бағыт әрі міндетті шарттың бірі. Соңғы жылдары инновациялық технологиялық дамуды қолға алу және қалыптастыруға деген ұмтылыс басты меженің бірі болды деуге толық негіз бар. Елбасы Н.Назарбаев алға тартып отырған инновациялық дамудағы басты мақсат – еліміздің өз базасын жасау, ең алдымен инноваторды, жаңа буынның технократын дайындау маңызды міндетін жүзеге асыруға бағытталған.



LED экрандар, су тазартқыш сүзгілер, спутниктік теледидар орнықтыру үшін жабдықтардың көптеген түрін бүгінде біздің осы экономикалық аймақта жасап шығаруда. Тағы бір атап айтарым, Алатау технопаркінің аумағында теңізші мамандарына тәжірибеден өтуге арналып салынған заманауи технологиялық орталық бар. Мұнда Қазақ-Британ техникалық университетінің теңізші мамандығында оқитын студенттері үйрене алады. Кемені жүргізе отырып, оның техникасын қалай қолдануды игереді. ҚБТУ студенттерінің толыққанды маман болып қалыптасуы үшін Қазақстан теңіз академиясының базасы соңғы үлгідегі техникамен жабдықталған. Мұнда олар пневматика, гидравлика, электромеханика, жоғары кернеу және

ИННОВАЦИЯ ИРІМІ

немесе ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕ ЖАНДАНҒАН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ



Дегенмен бағдарламалардың ережесіне сай өндіру құралдары бізде толықтай дамыған деп айта алмаймын. Сондықтан да өзге елдегі жанаша технологияларды алуға тура келеді. Бізбен қазір шетелдік тікелей тіркелген 18 компания жұмыс жасайды. Атап айтар болсам, Оңтүстік Корея, Израиль, Германия, Ұлыбритания, Түркия, Малайзия.

Жас казак: Қандай шетелдік технопарктермен байланыс орнатылды?

Марат Сариев: Заң бойынша елімізде тіркелген кез келген компания мүше бола алады. Бізде шетелмен байланыс орнатып, капитал тартылған компаниялар да бар. Мысалы, Оңтүстік Корея, Қытай, Ресей, Израил, Италия, Германия, Ұлыбритания, Нидерланды, Түркия. Сондай-ақ 100% шетелдіктерге тиесілі компаниялар да бар. Олар: Alpha Network ЖШС (Оңтүстік Корея), Global Green Industries LLP ЖШС (Ұлыбритания), Ahmet Yar ЖШС (Түркия), «ЛЕТОГРАФ ИТ» ЖШС (Ресей).

Жас казак: Бүгінге дейін осы технопарктен шыққан қандай өніммен мақтана аласыздар?

Марат Сариев: Біздегі компаниялар компьютерлік бағдарламаны жасайды. Ақпараттық және коммуникациялық бағыты бойынша жабдықтар мен бөлімдер даярлайды. Біздің өнімді тұтынушылардың бірі – Қазақтелеком. Сондай-ақ электрондық және энергияның жанарылған түрлері, ресурстарды үнемдеу, су, электр энергиясы, газ, жарықтандыру шамдары, трансформаторлар,

тоназдықшы қондырғы зертханалары арқылы теория жүзінде алған білімін тәжірибемен шындайды. Сонымен бірге шеберханада «Тенішсөзройл» компаниясының қолдауымен алынған кемеде жұмыс істейтін қозғалтқыш мен көмекші құрылғы да бар.

Жас казак: Алатау технопаркінің алдағы жоспары туралы айтып бере аласыз ба?

Марат Сариев: Біздегі мақсат біреу ғана. Бұл инновациялық компаниялардың дамуына үлес қосу. Алда жоспарымыз өте көп. Елбасымыз айтқандай, қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның заманы. Осылайша, мол мүмкіндікті пайдалана отырып, еліміздің



индустриясын жоғарғы деңгейге жеткізу. Сондай-ақ бұл арнайы экономикалық аймақтың құрылыс жұмысын толықтай мемлекет өзі қаржыландырды. Бүгінде бізде жұмыс жасайтын компаниялар мемлекет тарапынан қаржылай және заңнамалық құжаттамалар орындау мәселесі бойынша арнайы бағдарлама негізінде, жеңілдіктер мен көмектерге де қол жеткізу мүмкіндігіне ие. Біздің орталық Microsoft, HP, Siemens, CiscoSystems, Oracle, LG, SunMicrosystems, Samsung және тағы басқа көптеген компаниямен меморандум жасасқан. Қазірде «Alatau IT City» технопаркіне: «Paylink», «Al Pay», «EdwillDesign», «Temirsoft», «GeoKod», «Нурсат +», «DOC CoLtd», «MASAT BV», «Алстронтелеком», «Геоинформсервис», «АкТех», «РТС Инжиниринг», «Группа компаний ЭПО», «НИИ КИИГ», «AhmetYar», «Логиком», «KazakhstanComputerGraphics», «Innoforce», «KT CloudLab», «DataCenterSolutions», «ZERECOM», «Cheesenology», «SoftTechnologyUtilities», «Корпорация Связь», «Электес Алатау», «MachineryService», «SALARYFAN», «KIP Дельта IT», «Лекон», «GlobalGreenIndustries», «Корпорация Сайман», «ETS Engineering», «Акситех-Казакстан», «BasConsulting», «MT-Serвис», «Ар-Телеком», «Институт ИКТ», «Институт нефтегазового инжиниринга и информационных технологий КБТУ», «AlphaNetwork», «BF-Intelligence», «Мембранные технологии С.А.» сияқты бірқатар елімізге белгілі IT компаниялар жұмыс жасап келеді – деп өз сөзін түйіндеді.

INNOVATION

www.jasqazaq.kz
[E-mail: jas.qazaq@mail.ru](mailto:jas.qazaq@mail.ru)

Марат Сариев бізге орталықтың мақсатын, жұмыс жасау бағытын әрі алға қойған жоспарларын бастан аяқ түсіндіріп өтті. Көкейде жүрген сан түрлі сауалға жауап алдық. Бірақ бұл бізді қанағаттандырмады. Орталықта орналасқан түрлі қондырғы өндіретін зауыттармен танысымыз келді. Қағаз жүзінде ақпарат алу, маманның пікірін тыңдау мен атқарылып жатқан жұмысты көзбен көру екі бөлек дүние. Жанымызға технопарктің менеджерін ертіп, орталықтың бөлімдерін

жарықтандыру технологиясы мәселелері бойынша Оңтүстік Корея елімен тығыз байланыс орнатылыпты. Мұның дәлелі парктің дәлізіне қойылған екі елдің бірігіп шығарған өнімі. Бұл үрдіс одан әрі LED технология өнімдерінің келешегін зерделеу, сондай-ақ даму орталығы мен ғылыми-зерттеу жүргізу үшін компанияға тын серпін береді. Мұның барлығы тұтынушылардың қажеттілігін анықтау әрі қанағаттандыру үшін мамандар тарапынан зерттеледі. Сондай-ақ




нақты айтқанда әр зауыттың жұмысымен танысуға кірісіп кеттік. Ең алғашқы бағытымыз ID модем жасайтын компания. Қазіргі уақытта қолданыс жөнінен ауа мен суға жетіп жығылатын интернетті көп адамның тұтына алуы үшін арнайы жасалатын бұл модемдер өте маңызды. USB сымы сұғылатын әр нүктені өздері жасайды екен. Ал оларды жеке-жеке бөліп дайындап



дайын шешімдер жергілікті электр желілері ерекшелігіне бейімделген. Өндірістің барлық кезеңінде жарық көздерінің сапасын бақылау уақыты 5 жыл. Айта кетейік, диодты жарықтандыру 3 жылда Қазақстан нарығы үшін бұрын-соңды болмаған кепілдік бере алатын дәрежеге көтерілді. Тесата-дан түйгеніміз осы болды.

Компаниялар технопарктің мүшелігіне кіру үшін үкіметтік екі ережемен жақсы таныс болуы шарт. Жиналған құжаттар сарапшы комиссиядан өтеді. Сондай-ақ қолма-қол, банктік кепілдік, құнды қағаздар арқылы қаржыландыруды растайтын өзінің қаржыгері болуы керек. Келісімшартта көрсетілген бағаға сай талаптар орындалмаса, компаниялар арнайы экономикалық аймақтан өнеркәсіп аша алмайды. Өйткені бұл өндірістің дамуы мен шын мәнісінде жұмыс жасауының кепілдігі болып саналады.

«Alatau IT City» технопаркінен шыққан басқа әлемге бас сұққандай күйге ендік. Зауыт ішіндегі қайнаған тіршіліктің күзсі болдық. Экономикалық бағытпен қатар инновация-технологиялық тұрғыда даму ел келешегінің кемел көрінісі екендігі анық.



Тек мұнда жасалған дүниелер ел игілігіне, халық пайдасына жұмсалса болғаны. Технологияның түбін түсірмесек те, біздің міндет көрген білгенімізді, ой елегінен өткізіп, саралап саналы оқырманға ұсыну болатын.

Салтанат ШЫРЫНХАН,
Әбдіманап КЕҢЕС,
Алматы қаласы



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

БЕЛЕС

Жаңғыру

Жазу – барлық халыққа ортақ, мәдениетті жалғастырушы,

байланыстырушы құндылықтың бірі, өркениеттіліктің негізгі өлшемі. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылатыны ақиқат. Сондықтан уақыт өткен сайын жазу-сызудың мән-маңызы, мағынасы өсіп-өніп, толысып отыратыны заңды құбылыс. Сонау ғасырларда таңба, бейне, суреттен бастау алған жазу тарихының бүгінгі таңда заманауи инновациялық технологиялар дәуірінде рухани мәдениеттің дамуында өлі маңызын жоймағаны шындық. Өйткені, рухани мәдениеттің өркендеуі де сол жазудың дамуында жатыр.

қоймай, саяси-экономикалық деңгейін де анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ жазуының түп-тамыры сонау V-VIII ғғ. көне түркілер қолданған руникалық әліпбиден басталатыны белгілі, ал VIII ғасырдан бастап ислам дінімен бірге енген араб әліпбиі қолданылды.

XX ғасырда қазақ тілі өзінің әліпбиін үш рет өзгертті. 1912 жылы қазақтың ұлы ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқындап, құрамында 28 әрпі бар араб графикасы негізінде жаңа әліпби жасап, төте жазу ережесін анықтады. Бұл әліпбиді біздің елде 1929 жылға дейін пайдаланды. Басқа елдерде (*мысалы, Ауғанстанда, Иранда, Қытайда, Пәкістанда*) тұратын қазақтар осы күнге дейін пайдаланады.


1929 жылы қазақ жазуы 29 әрпі бар латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшті. Көшу кезінде қазақ тіліне жаңа хы дыбысы қосылды, ол латынның h әрпімен белгіленді.

1940 жылы 42 әріптік кирилл графикасы негізіндегі әліпбиге ауыстырылды. Бұл әліпбиде орыс тілінің 33 әрпіне қазақ тілінің ерекше 9

пікірталас өршіп кетті. Мысалы, «...Латын әліпбиін қабылдаған жағдайда келешек ұрпақ кирилл жазуы негізіндегі бұрынғы бай жазба мұрамызды оқи алмай қалады» деген пікірге екінші біреулер: «Қазақтың жазба мұрасы көп жылдық тарихы бар елдерге қарағанда (*қытай, араб, француз*) аз, сондықтан қазіргі жағдайда барлық жазба мұрамыз бен жәдігерлерімізді латын әрпіне бірте-бірте көшіріп алуға мемлекетіміздің мүмкіндігі жетеді» деген сияқты елінің болашағын ойлаған әр азамат, зиялы қауым өкілдері, түрлі мамандық иесі латын әліпбиіне қатысты өз көзқарасын білдіріп, ой бөлісіп жатыр. Осылайша ұрпақ келешегін ойлап, ұлттығымыздың негізгі белгісінің бірі – тілімізді сақтап қалу жолында әр азаматтың дабыл көтеріп, терең толғануы – көңіл қуантарлық жайт.

Латынға өтуді кезінде Алаш көсемдері де жақтаған. Түркияның президенті Ататүріктен бастап, Алаштың көсемі Әлихан Бөкейханов та бұл мәселені қатты қолдаған. Ал 1929 жылы латынға өту кезінде Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынов пен Халел Досмұхамедовтың қарсы болуы – бүгінгі кейбіреулердің әлейі елді шатастырып жүргеніндей, кириллицаға өтуді қолдауы емес, А. Байтұрсынов жасаған төте араб жазуынан кетуді қаламағандық болатын. Кейін соңында латынға өтетіні белгілі болған соң, Халел Досмұхамедовтың өзі ұлт мүддесі үшін латын әліпбиін қазақ тіліне үйлестіріп

танымал қазіргі түркі тілді халықтардың түп аталары болып саналатын ғұн, сақ, үйсін, қаңлылардың б.з.д. ғасырлардан бастап, Y-YIII ғасырлар арасында мемлекеттік тұрғыдан қолданысқа түскен жазу таңбалары бір сөзбен атағанда ойма жазу (тасқа қашалып жазылуы себепті) деп



Елбасы Н.Назарбаевтың «Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешенді жобаларды жүзеге асырулы табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады», – деген сөзі ұлттық тіліміздің болашағы үшін жасалған маңызды қадам. Тәуелсіз елдің негізгі белгілерінің бірі ретінде жазудың маңызы өте зор. Сондықтан да болар, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзі өз тілінің болашағын ойлаған тіл мамандары мен тілге жанашыр зиялы қауымның көкейіндегі осы ойды дөп басқандай. Мұны қазіргі кирилл-қазақ әліпбиіне немесе орыс тіліне теріс қарау деп емес, қайта қазіргі әліпбиіміз бен жазуымыздағы халықтың өз еркімен қалап алмаған, кешегі тоталитарлық жүйенің өктем саясатының әмірімен танылған кейбір кірме әріптерден арылып, таза қазақ әліпбиін жасау бағытындағы игілікті қадам деп түсінуіміз қажет. Латын әліпбиіне көшу, сайып келгенде, ана тіліміздің болашағын ойлап, қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге мүмкіндік жасап, тіліміздің ішкі табиғи

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ ЗАМАНТАЛАБЫ



дыбысын таңбалау үшін кириллицадан тыс ә,ғ,қ,ң,ө,ұ,у,һ әріптерін қоса салды. Бұл – қазақ жазуының бүгінгі күнге дейін бастан кешкен әліпби реформасының көрінісі.

Латын әліпбиіне көшу туралы мәселе көтерілгеннен бастап жұртшылық арасында

жасауға мемлекет қайраткері ретінде тікелей атсалысқаны белгілі.

Мемлекеттік дәрежеде сипат алған әліпби ауыстыру мәселесі туралы ғалым М.Мырзахметұлының пікірі ерекше назар аудартады «Бүгінде бүкіл әлем халқына

аталады. Ойма жазу мемлекеттік қарым-қатынастың деңгейіне көтеріліп, осы жазуды тұтынып отырған түрік халықтарының атадан балаға, баладан немереге, яғни ұрпақтан-ұрпаққа дәстүрлі жалғастық тапқан рухани қазынасына айналған. Осы себепті де отаршыл атаулының бәрі де саяси-идеологиялық мақсат қоя келгенде, алдымен, жергілікті халықтың тілі мен діліне, діліне, яғни рухани қазына көздеріне сұғын қадап, әсіресе, дәстүрлік жалғастықты ұштастырып отырған басты құралы – жазу таңбаларын жоюға ерекше мән берген. Өйткені, халықтың тарихи жадын өшіріп, мәңгілік рухани құлдық тұтқынында ұстау үшін, алдымен, өткені мен бүгінгіні жалғастырушы қан тамырларын қиюға күш салуы жайдан-жай құбылыс болмаса керек-ті», – деп халықты отарлаудың адастырмас негізі – сол халықтың ұлттық жазу таңбаларын жойып жіберуден басталатындығын мензеп, жас ұрпақтың ата-бабадан қалған мұрасы – ойма жазуда жазбақ түгілі, қаріпті тани алмауынан отаршылдардың «мәнгүрттендіру» саясатының іске асқандығына көз жеткізеді.

Бұдан шығатын қорытынды – кириллицамен білім алып жүрген қазақ баласының отаршыл саясаттың рухани тұтқынынан түбегейлі құтылуының басты жолы – түркі халықтарына ортақ латын жазу таңбасына көшу болмақ.

зандылықтары арқылы жазудың айтуға жасап келе жатқан қиянатын болдырмай, қазақы айтылым (*орфоэпия*) мен жазылым (*орфография*) талаптарын жүйеге түсіру деп түсінген жөн.

Бір жазудан екіншісіне көшу халықтың осы рухани байлықтан сусындауына қосымша қиындық келтіруі мүмкін. Сондықтан әліпби мен жазу мәселесіне әлеуметтік лингвистика тұрғысынан жіті назар аударған жөн. Жазу мен әліпби мәселесі бір-бірімен тығыз байланысты екені айтпаса да түсінікті. Алдымен, әр тілдің дыбыс қорын анықтап, содан кейін әр дыбысты әріптермен таңбалау қажеттігі туындайды. Жазбаша тіл – ауызша тілдің графикалық бейнесі болғандықтан, жазудың қандай түрі болмасын белгілі бір таңбалар арқылы жасалатыны анық. Әліпби жасау үшін алдымен графикалық лингвистика теориясын терең танып, тілдің дыбыс жүйесіндегі фонемалардың өзіндік фонологиялық ерекшеліктері назарға алынуы тиіс.

Қорыта айтқанда, орыстың рухани отаршылдығынан құтылудың, рухани тәуелсіздіктің басты жолының бірі – әліпбиді ауыстыру. Латын әліпбиіне өту- Мәңгілік тәуелсіз ел болудың негізгі алғышарты.

Ғалия ӘБДІХАНОВА,

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің аға оқытушысы

Нәсін

Күнкөріс шіркін сенің деніңнің саулығын қайтсін. Қайта жан алқымыңнан

алып, темір шенгелімен қыса бермей ме. Тығырықтан шығар жол іздеген. Сауданы да сәті түскен алам ғана жасайды. Ал төрт түлік мал игілігінді молайтқанымен, иінінді қара жерге қақырата тартып, иығыңнан басатын зілмауыр, салмақты шаруа. Оның үстіне солтүстіктің табандап, алты-жеті ай сіресіп жатып алатын қыстың қысталаңын қосып көріңіз.

Амалсыздан өзіне лайық жол іздеген. Үстімен жүретін жеңілін емес, ауқымды, ауыр болса да, ұмтылғанға үйірлетін игіліктісін. Тәжірибелі бухгалтерге есеп-қисаптың жолы онай. Кірісі мен шығысын күні ілгері болжай біледі. Солтүстіктегі самсаған жұрттың дастарханында не қат? Көкөніс қат. Қоңыр күзде бағасы ептеп түскенімен, қыс айларында шығандап шырқап кетеді. Демек, өзге жұрт сияқты өнмемесе де, өнін иманжүзді етіп, өмірлік қажеттілігін өтеуге мүмкіндік әбден бар.

Бәрі зейінге байланысты. Алдыңнан тосар бөгет, бұғау, қиындық атаулыдан қаймықпай, белді бекем буып кірісіп кетсе, пенденің пешенесіне жазылған ырыздығын теріп жеуге қарымы қаптап жететін тәрізді. Сөйтіп, үй іргесінен жылыжай салуды жоспарлаған. Бұрын үй іргесіндегі ат төбеліндей аумаққа бірер тал қызанақ пен қияр, басқа да дақыл егіп көрген. Өзінің отбасына әбден жетіп жатыр. Ал пайда табу үшін ауқымын кеңейткен ләзім. Есептеп көрсе, пайдаға шығатын тәрізді.

Алдымен осы тақырыпты түбегейлі зерттеді. Бизнес жоспардың қазақша үлгісі. Жетеу кіріп, алтау шығады. Біреуі табыс. Былай қарағанда орындалар-орындалмасы белгісіз. Әйтеуір, тәуекелді медет еткен, мақсаты қанат байлатқан алға ұмтылуы. Осы бір ой жетелеп «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына әкелген. Аз-кем ақылдау, болашақты барлау. Бұл жерде қазақша есеп жүре бермейді, барлығы ғылыми негізде қатып тұруы керек. Сөйтіп, Ақмола облысы Көкшетау қалалық жұмыспен қамту орталығының мұрындық болуымен ауыл шаруашылығын



Опырып тастайтын отыз да емес, алдынан жұмыс үркіп отыратын қырықтың қырқасынан асқалы да жиырма жылға таяу. Оның үстіне кешегі кеңес заманында облыс орталығындағы пима басатын цехта жұмыс істеп жүрген кезінде жамап алған, содан былайғы уақытта ажырамас серігіне айналған сырқаты және бар. Қолқаны қабатын ыстық ауа, шаң-тозаң өз дегеніне жетіп тынды. Бірақ қайратын кеміте алмады, қажыры қалпында. Ауа жетпей қос өкпе қысып деміккенімен, аздап демін алған соң тіршілігін күйттейді.

ИГІЛІК ҰМТЫЛҒАНҒА ҮЙІРІЛЕДІ

қолдау қоры арқылы жылдық 6 пайыз үстемемен үш миллион теңге несие алған.

Ендігісі жылыжай салу. Сарыарқаның сақылдаған сары аязында атаптырым жылыжайды жылыту да онай-оспақ шаруа емес. Тереңдігін бір жарым метр қылып жертөле қазды. Жертөленің жиегін кірпішпен көмкерді. Ұзындығы 25, көлденені 7 метрлік, биіктігі 4 метрлік жылыжайдың сұлбасы пайда болды. Негізін берік етіп темірмен шегендеді. Ыстық-суыққа бірдей поликарбонатпен

қаптады. Ішіне жылу жүйесі тартылып, пеш орнатылды. Несиеге алған үш миллион теңге жылыжай салуға жұмсалды. Ол жетпеген соң, өз қаржысын қосқан. Оған еңбегін үстесе, түбінде көсегесі көгермек.

Көкөністің қай-қайсысы болмасын жылы суды жаны сүйеді. Су жылытатын ыдыс пештің жанына орнатылды. Жұмысты барынша жеңілдету үшін су құятын ыдысқа шағын насос орнатылды. Енді суару көп күш жұмсауды тілемейтін болып жеңілдей түседі.

Быртұр уақытты өткізіп алып, кеш қимылдаған. Көктемде мамыр айының орта шенінде алғашқы өнімнен ауыз тиді. Тәп-тәуір шығым берді. Бұл кезде облыс орталығындағы базарларда көкөністің бағасы шырқап тұрған. Қызанақ 700-800 теңгенің, қияр 600-700 теңгенің шамасында болатын. Әлеуметтік дүкендерде де баға сәл ғана төмен демесен, негізінен осы деңгейде. Бұл болса алғашқы өнімді өткізетін жер таппай қиналған. Базардағы алып-сатарлар күні бұрын келісіп қойған жерлері болғандықтан, жанын жалдап жаңадан қосылған кәсіпкерді манайына жолатар емес. Облыс орталығындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды аралап, әр келісін 350 теңгеден әрең дегенде

өткізген. Бостан-босқа бұзылып кеткенше, тиын болса да талғажау.

Өнімді өндіру бар екен де, бағасын бұлдап сатудың өзі бұралан-бұлтарысы көп, бейнетті жұмыс екен. Өткеннен сабақ алған Есет Нұралин қазір ауыл шаруашылығы өнімдерін, өз өнімін сататын шағын дүкен салып жатыр. Қабырғасын да қалқайтып қойды. Жыл он екі ай бойы көкөніс өсіруді жоспарлап отырған кәсіпкер өз ісінің өзгеге де пайдалы екендігін көкірегіне үйіп қойған. Мәселен, қызанақ пен қиярдың өсіп-жетілуіне екі жарым ай уақыт керек. Қара күзде егіп тастаса, көкөніс тансық асқа айналатын қақаған қыста қоқырайып қолындағысын сатып отырар еді. Әрине, нарқы күйіп тұрған базардағыдан әлдеқайда төмен бағаға. Сонда екі жакка да тиімді.

Өнімі өтімді болуы үшін, сапасына ден қойып отыр. Денсаулыққа зиян деп есептелетін химиялық тыңайтқыштардың көмегіне аттап баспайды. Органикалық тыңайтқыш жетіп артылады. Іргедегі қай қазақтың ауылына барсаң да, көң деген көңірісіп жатыр.

– Жылыжайға қажетті материал іздеп Омбыға бардым, – дейді Есет аға, – бергі кіреберістегі бір қабатты үйлердің жанында қытай азаматтары жылыжайды жыпырлатып тастапты. Өнімін де ұқсатып сатып жатыр. Өзге жұртты кім білсін, жылыжайға жақын орналасқан көршілері дән разы. Өлгі қытайлар бөрінін әжетханаларын тазалап тастаған. Соған қарағанда, кім, не жеп жатқанын да білмейтін тәрізді.

Кәсіпкердің айтуына қарағанда, қазір химиялық тыңайтқыштың да түр-түрі көп екен. Қызанақтың өзі қызарып піскен соң, бүйірі томпылып бір алақаның былай тұрсын, қос ұысына сыймайтындай быртынып өсетін көрінеді. Жаңағы дәрінің қуатымен. Бірақ іші жылбысық, су татып тұрады.

– Ал мен қызанақты етженді қылып өсіремін, – дейді өзінің жанын жалдап істеген, жұмысынан жан рахатын алатын, жаксы іске жанын салып ұмтылған біздің кейіпкер.

– Ол қалай? – деп сұраймыз мен қызанақ өсірудегі бастауыш білімімді жетілдірмекке.

– Қазақ баласына түсінікті болуы үшін ұғымның ұңғысына сыйымды етіп айтайын, – дейді Есет аға, – мысалы, қазір жылқыны қалай семіртетінін білесің ғой. Төбетін арттыру үшін дәрі береді. Араны ашылған жылқы баласы алдына келген жем-шөпті талғамай жейді. Тәп-тәуір қой жинайды, бірақ етінің дәмі табиғи жолмен семірілген соғымның етінен



әлдеқайда дәмсіз. Ақ майы ақтарылып түссе де, сүйсініп жей алмас еліңіз.

– Ө, енді түсіндім, – дедім мен. – Ет туралы айтса, тез түсінесіңдер ғой, – деп күлді Есет ағам, – қызанағын да солай, дәрімен семіртілген соғым сияқты. Қазақшасын кім білсін, орысша «быйич сердце» дейтін тұқымы бар қызанақтың. Біреуі жарты келіге жуық болып өседі. Осыдан ай жарым бұрын орталық базарға барсам, келісін екі мың теңгеден сатып жатыр екен. Степногорск манындағы жылыжайдан әкеліпті. Үйімнің іргесінде өсіп тұрса да, қызығып бір келісін сатып алдым. Етженді, толық, тығыз. Тәуір өнім екен. Мен де қызанақтың түр-түрін өсіремін ғой, енді осы тұқымды да қосып отырмын.

Жылыжай басындағы жылы шырайлы әңгіме де кәсіп төңірегінде өрбіді. Шамасы осы біздің ауылдағы ағайын екі қолға бір күрек таппай, бос отыр дегеніміз, байыбаса бармаған бөстекі сөз. Осындай көкөніс өсіру үшін жер, су, тыңайтқыш қажет. Оның үшеуі де ауылда бар. Бар болғанда қандай. Иен тегін. Жоғы «енбек етсем» деген ұмтылыс қана.

Байқал БАЙӨДІЛОВ,

Ақмола облысы



ЖАНТАЛАС

Сергей (*кейінкерлердің аты-жөні өзгертіліп алынды*) Алматыға Қызылжардан келген. Жетісу ықшамауданынан пәтер жалдап тұрды. Үйдің қожайыны жалғызбасты әйел болатын. Бір күні кешке қарай пәтер иесі Галина келіп, екеуі сыра ішіп, ұзақ әңгімелесті. Галина әуе кассасында жұмыс істейтінін айтып еді, онысы Сергейге тансық естілген сияқты. Бұл күніне қанша билет сатылатынын, кассаға қанша ақша түсетінін сұрап, қатты қызықты. Галина да әңгімешіл екен, көк сыраның буымен біраз құпияның бетін ашып тастады.

— Бір күнде 15 миллион теңгеге дейін билет сатылады. Бас есепші ретінде барлық ақша менің қолымнан өтеді.

— Өмірімде ондай көп ақша көрмеген екенмін, сіз бақытты жансыз, Галина! — деп көк мойын бөтелкені биік көтерді бұл.

— Рахмет! Ақша санаған адам бақытты болса мен болар едім. Шынайы бақыт отбасын екен: сүйген жар, сүйкімді бала дегендей. Ондай бақыт менде жоқ қой, Сергей. — Мұнайма! Ең бастысы, пәтерің бар. Күніне бірнеше миллион ақша санап тұратын жұмысың бар дегендей. Қалғаны сөз болып па? — деп оны құшақтап, арқасынан қағып-қағып қояды. Галина жұмыстағы қызықты оқиғаларды, туған күн кештерін, мереке-мейрамдарды айтып біраз көсілді. Сергейдің ойы басқа жақта. Ол 15 миллион теңгенің шытырман

Сол сәт құлақ түбінен құс қанатының сусылындай өткір ысқырық бірінен кейін бірі өтіп жатты. «Өлген жерім осы екен» — деген ой енді ғана басына келген сияқты. Бойын қорқыныш билеп әкеткен. Оң жақ желкесінен ыстық қан ағыпты. Оны да қазір көрді. Жаңдал басымен арт жағына бұрылып қараған еді, жер бауырлап жатып алып, оқты қарша боратып жатқан инкассаторды көзі шалып қалған. «Бұл қалай өлмей қалды? Мұха оны жанды жерінен атқан сияқты еді ғой». Өз сөзі өзіне естілген жоқ. Талықсып бара жатыр ма, елде көзіне елестеді ме, бір сүркейлі сурет көлденең тұра қалды...



БАУЛУ

Сергей жанына қолайлы жұмыс таппады. Қызылжардан шақырған

қанша жылдан бері жүрісі суыт болса да, қақпан қаппай, аман-сау жүр. Бойындағы қорқынышка сол ойы демеу бергендей.

МАЗАСЫЗ МҮЙІС

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

уақытын — бәрі бақылап, әбден пысықтап алды. Арада тағы бір апта өтті. Бұлардың жоспарлаған ісі пісіп-жетілген. Тапа-тал түс кезі. Сүліккара машинасын гүрілдетіп, желке шашын желпілдетіп Мұхамәди жетті. «Сергей, сен дайын болсаң, мен тас-түйінмін! Әуе кассасынан ақшаны бүгін 14:30 да әкетеді екен. Инкассатор жігіттерді өзін де білесің. Алдыңғы күнгі екеу. Жоспар келіскеніміздей болады. Тағы бір пысықтап алайық... Ең бастысы, қорықпа!» — деп Сергейге дем берді.

АТЫС

Оқиға кинодағыдай. Алматыдағы Желтоқсан мен Қаныш Сәтбаев көшесінің қиылысындағы әуе кассасына жақындау жерде Мұхамәдидің қара көлігі қаңтарылып тұр. Өздері көлік ішінде. Көп күттірген жоқ. Кассаның алдына Toyota Caldina келіп тоқтады. Ішінен көзтаныс екі жігіт шығып келеді. Арнайы киім киіп алған. Біреуі ішке кіріп кетті де, екіншісі сыртта қалды. Көп бөгелген жоқ. Кассаға кірген бірінші қайта шықты. Мұхамәди Сергейге қарап иек қағып қалып еді, ол орнынан жеңіл көтеріліп кетті. Бір қап ақша аркалап шыққан екі жігіт көлігіне отыра бергені сол еді, Мұхамәди біреуінің желкесіне тапанша тақай қойған. Сол сәтте сасып қалған Сергей не істерін білмей, состиып тұрып қалды. Тек серігінің

Құрық

Орал қалалық сотында 42 жастағы Әбдухалил Әбдужаппаровтың соты басталды. «Шейх Халил» атымен танымал күдікті туралы газетіміз бұған дейін талай жазған. Оған «терроризмді насихаттау» және «діни араздықты қоздыру» деген айып тағылған.

«ШЕЙХ ХАЛИЛДІҢ» СОТЫ

Прокурор Қайрат Дәуқеновтың айтуынша, Ә.Әбдужаппаров 2003 жылдан бері Атырау, Орал және Ақтөбе мешіттерінде уаххабизм мен тәкпір идеясын насихаттаған. Прокурор «Жұртқа «шейх Халил» есімімен танымал Әбдухалил намаз оқымайтын мұсылманды «көпір» — деп атап, жалықты жихадқа шақырып келген» — дейді. Алайда ол өзіне тағылған айыпты мойындамады. Сотқа ағасы, әйелі және бір баласы келген. Ал адвокаты Жандос Бұлқайыр іспен танысып шығу үшін судьядан сотты кейінге қалдыруды сұрады. Келесі

2003 жылы Атырау қаласына келіп, заңсыз тұрғызылған Рембазадағы мешіттің имамы болады. «Халил» жастарды уаһапшылық жолға тартып, «таза ислам жолы осы» деп көрсетіп, елді адастырған. Мешіттің заңсыздығын прокуратура әшкерелеп, Ә.Әбдужаппаров Атырау қаласынан кетуге мәжбүр болады. 2004 жылы «Халил» Орал қаласына келіп, жалдамалы пәтерде тұрып, өңірдегі жастарын уаһапшылық бағытқа салумен айналысады. Еліміздің Батыс өңірінде уаһаптың дамуына зор



сот отырысы 1 тамызға белгіленді. Судья бұл іс бойынша жүзге жуық куәгер жауапқа тартылатынын, олар өз өмірінің қауіпсіздігі үшін соттың жабық өтуін сұраған.

«ХАЛИЛ» ДЕГЕН КІМ?

Елімізде «Халил» деген лақап есіммен белгілі Әбдухалил Әбдужаппаров Пәкістаннан келіп, еліміздің батыс өңірінде бірнеше жылдан бері тұрған. Ол 2007 жылы Араб Әмірліктеріне кетіп, қайта оралмапты. Ол 1975 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданында туған. Ұлты өзбек. Қазақстан азаматы. 1990 жылдары Пәкістанда, Шымкент қазақ-кувейт университетінде білім алған. Шымкентте мешіттің имамы болған. 2000 жылдың басында радикалдық — уаһапшылық жолға түседі.

Шымкент полицейлері 46 пәтердің тоналуына қатысы бар тоғыз қылмыстық топты ұстады. Оңтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер департаменті хабарлағандай, 7-13 шілде аралығында Шымкентте «Қауіпсіз қала» жедел алдын алу шарасы өткізілді.

7 КҮНДЕ 73 ІС


Нәтижесінде, 9 қылмыстық топ ұсталып, 73 қылмыс ашылған. Олардың ішінде пәтер тонау, қарақшылық, алаяқтық және автокөлік бөлшегін ұрлау дерегі бар. «Сотқа дейінгі тергеу барысында қылмыстық топ мүшелерінің қала аумағында 46 пәтердің тоналу дерегіне қатысы бар екені анықталды. Осы деректер бойынша Қылмыстық кодекстің 188-бабы («Ұрық»), 190-бабы («Алаяқтық») және 191-бабы («Тонау») бойынша қылмыстық іс қозғалған. Күдіктілер



қамауға алынды», — делінген хабарламала. Айта кетейік, қылмыстық топ мүшелерінің ішінде Қызылорда мен Тараз қаласының тұрғындары бар.

Астана тұрғыны өріптестерінің жеке мәліметін пайдаланып, несие рәсімдеген. Ол осы қолданып отырып, «Онлайн несие беру» қызметін пайдаланған. Жәбірленушілер Астана Ішкі істер департаментіне келіп шағымданды.

ONLINE – ҚЫЛМЫС



Криминалдық полиция қызметкерлері жедел-іздістәру шарасы барысында алаяқтық әрекет жасаған 1996 жылы туған жергілікті

тұрғынды ұстады. Күдіктінің зардап шегушілердің жеке мәліметін білгендігін, бір мекемеде қызмет еткені анықталды. Қазіргі уақытта күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды. Тергеу бөлімі азаматтарға қатысты алаяқтық жасау фактісі бойынша 25

қылмыстық істі қарап жатыр. Әрбір жағдайда келтірілген залал сомасы 10000-нан 50000 теңге аралығында.



ойыңнан шыға алмай әлек. Бір кезде «Сонда әлгі 15 миллион теңгені қандай көлікпен, кімдер тасиды?» — деп тосын сурақ қойған. Галина мұның бетіне бажырайып қарап қалыпты. Бірдемеден күдіктенген жандай бойын жинап алған. Қыздың тосын мінезінен сескенген жігіт: «Кешіріңіз, Галина! Менің ойымды түсінбей қалдыңыз-ау. Соншама көп ақшаны ары-бері алып жүру қиын шығар деген едім» — деп жуып-шайып жатыр. Жас жігіттің ақталғанына жүрегі жұмсап кетті ме, әлде сыраның буы бойын алды ма, есепші қыз біраздан кейін одан ары ашылды.

Сергей, саған бір құпиямен бөлісейін. Ақша таситын компанияның жігіттері арнайы көлік мінбейді. Олар Toyota Caldina-мен жүреді. Онысы қауіпті, меніңше. Талай рет айттым. Құлағына қыспайды. «Бізді кім тонайды? Оқ өтпейтін сауытымыз бар» — деп кергілді. «Жаман айтпай, жаксы жоқ» — деген, бір күні тоналып қалса, көрсетемін оларға!

Сергей үнсіз қалды. Сол күні пәтер иесімен бірге таңға дейін көк шөлмек қағыстырып, таңға дейін сырласты...

досы да мұның жағдайына қарайласпай қойған. Оның үстіне Галина айтқан әңгімесінің буы әлі басылмай тұр. Түсінде қап-қап ақша аркалап бара жатады. Бірақ қуана алмай әлекке түсіп жатқаны. Қиналып, булығып оянып кетеді. Бір айдан кейін пәтердің жалдау ақысын тауып бере алмай, қатты қиналды. Галина да бұрынғыдай жылы шырай танытпай жүр. Жалғыздықтан шаршағанда, ашы-төттілерін көтеріп жетіп келуші еді. Оны да қойды. Бір күні бұл пәтерде жападан-жалғыз жатып, бір шешімге келгендей бойын жинап, тас-түйін бекінеді.

Бұрыннан таныс, жерлесі Мұхамәди деген досына хабарласып, екеуі ұзақ әңгімелескен. Мұхамәди еш жерде жұмыс істемейтін, бірақ қалтасынан ақша үзілмейтін жігіт. Адал жолмен таппайтыны анық. Мұны да Қызылжарда жүрген кезінде бір-екі рет жеңіл жолмен баюға шақырған. Бұл сол жолы бас тартып еді. Енді не болса да, бірге кетпек. Оның үстіне Мұхамәди

— Мұха! — деп бастады әңгімесін ол. «Тәжірибен бар ғой. Егер осыған көмектессен, табысты қылдай бөлеміз. Ары қарай да бірге боламыз!» — деп қарсы алдындағы енгізедей жігіттің қолын қысып, иығыннан қағып жатыр.

— Сен дайын болсаң, мен дайынмын. Бірақ мынауың салмақты жұмыс. Тастай дайындықпен бармасақ, басымыз кетеді! — деді Мұхамәди.

Сол күні екі жігіт бір шешімге келіп, түн ортасында таркады. Ертегі таңмен жеткен Мұхамәди мұны көлігіне салып алып, дөйдалаға алды да кетті. Қызылжарда жүргенде жүзі таныс еді, Алматыда достасып кетті. Күнде қыдырыс. Күнде қызық. Күнде думан. Мұхамәдидің танымайтыны жоқ екен: жаспен де, көрімен де, қыз-қырқын, шал-шауқанмен де араласып жатқаны. Таныстарының бәрі одан қашқан, бұдан қашқандар. Сөзінен, ісінен көрініп тұр.

Бұлар бір апта бойы әуе кассасының жұмысын, инкассаторлардың келетін, кететін

бұйрығымен қозғалды. Сөйтті де көлік ішіндегі ақшаны алды да, жолдың қарсы бетіне қарай құстай ұшты. Арт жағынан оқ атылып жатыр. Құлақ түбінен суылдаған ыстық қорғасындар жетім тамшы сияқты бір-бірілеп ұшады.

Аяқ астынан басталып кеткен атыс көшедегі бейсауыт тұрғындарды да селт еткізген. Таңырқай қарап тұр. Мұхамәди денелі, қарулы еді. Бірінші жігітке оқ шығындаған жоқ. Тапаншамен құлақ түбінен ұрды да, құлатты. Сол сәтте екіншісі араласты. Ол ақша салынған қапты алып қашып бара жатқан Сергейді көздеді. Оқ Сергейдің желкесін жанап өткендей болған. Ұзынынан сұлап түсті. Серігінің мұрттай ұшқанын көрген Мұхамәди қызынып кетті ме, тапаншаның таңдайындағы қорғасынды қарсы алдындағы сұр мергенге басты да жіберді...

ОПЫҚ

Атыстан екі адам жараланды. Біреуі Сергей, екіншісі — инкассатор. Сергейдің желкесіне шаншылған бармақтай қорғасын атпалдай азаматты мұрттай ұшырған. Бірақ су ішері бар екен. Ал аяғынан жараланған инкассатор көліктің қалқасында екбетінен жатып алып, ұзақ атысты. Алматы қалалық Ішкі істер басқармасының арнайы жасағы келіп, оқиғаға араласқанша жалғыз инкассатор ешкімге берілген жоқ. Бірақ қансырап, жедел жәрдеммен ауруханаға жеткенде көз жұмды.

...Алматыны аяғынан тік тұрғызған атысқа осылай нүкте қойылды. Адамның араны ашылса, ажалмен бетпе-бет келуден де қаймықпайды екен. Темір тордың ар жағындағы Сергей ақшасыз болса да, еркіндігі бар бостан күнін ансағанда, өзегіндегі өкініштен қылкенірдек емес, алпыс екі тамыры өртеніп бара жатқандай күй кешеді. «Жамандық жерде жатпайды» деген сөздің мәнін енді түсінгендей болды.

Жарас КЕМЕЛЖАН,
Мақалада Алматы қалалық ІІД
мәліметі пайдаланылды



Алматы, 2013 жыл

Фото: Алматы ІІД



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

SERPIN

Отандық өнім

Енді ол Ресейдің Тула қаласына тасымалданып жатыр. Жалпы, бұл сәтте республикадағы жетпіс жылдан аса тарихы бар көне кәсіпорынның шежіресіне алтын әріптермен жазылмақ. Елбасының Қазақстан

қазақстандық филиалының директоры Чжэн Фуцянь іс барысында өзара түсіністік пен іскерлік болғанын қанағаттанып айтқан-ды. Атырауда жергілікті атқарушы билік тарапынан инвесторларға жемісті жұмыс жасауға туғызылып отырған жайлы жағдай осындай нақты нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Сайып келгенде, республикадағы ең көне кәсіпорынның екінші тынысы ашылып, жаңа өндірістік өмірі басталды.



БІЗДІҢ БЕНЗОЛ ЭКСПОРТҚА ЖӨНЕЛТІЛЕДІ

халқына кезекті Жолдауында айтылғанындай, Атырау мұнай өңдеу зауытында жылына 133 мың тонна бензол мен 496 мың тонна параксилол алу жоспарланған. Ал бұл өз кезегінде елімізде мұнай-химия өнеркәсібін өркендетуге жол ашады. Бұл бағыттағы тұңғыш кәсіпорын да мұнайлы мекенде тұрғызылуда.

Енді, міне, Ресейдің Тула облысындағы өндіріс ошағы атыраулық бензолдың бірінші тұтынушысы атанып отыр. Зауыт басшылығы бұл оқиғаны егеменді еліміздің өміріндегі елеулі оқиға ретінде атады. Оның айтуынша, кәсіпорын төменгі октанды бензин шығаруды мүлдем тоқтатты. Ендігі мақсат — еуропалық стандарттарға жауап беретін жоғары октанды бензинмен ішкі сұранысты толық қамтамасыз ету. Соның нәтижесінде қоршаған ортаға түсетін салмақ та едәуір бәсеңдейді. Бұл бағыттағы бастапқы нәтиже де жаман емес. Мәселен, экологиялық тұрғыдан таза жанармай мен дизель отынын өндіру артып келеді. Алда бұдан да биік межелер бар.

Әйтсе де, бензолды тасымалдау — өте жауапты жұмыс. Ол аса сақтықты және қауіпсіздік шараларын жан-жақты алуды қажет етеді. Осы орайда зауыттың мұнай өңдеу өндірісінің бастығы Василий Гацконың айтуынша, барлық процесс сенімді автоматтандырылған. Бензолдың далаға төгілуіне ешқандай жол берілмейді.

Жалпы, 2010 жылы бастау алған хош иісті көмірсутегі шығару жобасы қытайлықтармен бірлесіп жүзеге асырылды. Оның алғашқы партиясын шығару салтанатында сөз алған «Синопек Инжиниринг» компаниясы

Енді осы бензолдың не екені, оны шығарудың қандай қажеттіліктен туындағаны туралы бірер сөз. Ол — алдымен, бензин құрамындағы қоспа. Көшеде шұбырған көліктердің соңындағы қою түтінді көрдіңіз бе? Міне, сол — жанармайдағы бензолдың көп көлемде болуының салдары. Демек, оны бөліп алу арқылы бензин тазарады. Бүгінде атыраулық зауыт еуропалық стандарттарға сәйкес келетін бензин мен дизель отынын шығаруға бет бұрған. Оны өзімізде қаншалықты жеткілікті өндірсек, сыртқа деген тәуелділіктен де соншалықты құтыламыз. Бүгінде



республикада жетінкіремейтін жоғары октанды бензин көршілес Ресейден тасымалдануда. Ал «кисдегінің кітті — көкте» дегендей, қаншама экономикалық серіктес саналғанымен, іргелес ел өнім бағасын ара-түра көтеріп қояды. Бұл қазақстандық көлік жүргізушілер тарапынан

Атырау мұнай өңдеу зауытында қайта жарақтандыру жобасының алғашқы мәреге жеткен шарасы ретінде хош иісті көмірсутектер шығару кешенінде алғаш рет бензол алынған-ды. Тұрасын айту керек, бұрын-соңды республикада мұндай өнім өндірілмеген.

реніш тудырғанымен, амал жоқ, әзірге көнуге тура келеді. Демек, республикадағы шикі мұнайды өңдейтін үш зауыт қайта жаңғыртудан өтіп, толық қуатында жұмыс жасаған кезде жоғары октанды бензинге деген ішкі сұранысты жеткілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік тумак. Соның алғашқы шарасы жетпіс жылдан аса тарихы бар Атырау мұнай өңдеу зауытында жүзеге асырылды. Мұнда хош иісті көмірсутегі шикізатын шығару жобасы аясында бензол ғана емес, параксилол да алынды. Ал жыл соңында мұнайды тереңдете өңдеу жобасы да мәреге жетпек.

Өндірістің қазіргі сатысында айына 500 тонна бензол өндіру жоспарланған. Осының өзі бензин құрамындағы қоспаны бұрынғы бес пайыздан бүгінгі бірге дейін кемітуге мүмкіндік береді. Демек, қайталап айтқанда, жанармай тазарып, облыстағы мыңдаған көліктің қоршаған ортаға тітізгер жағымсыз әсері кемиді. Яғни бізде де әлемдік талаптарға сай келетін жанармай шығарылуда. Міне, бұл да — тәуелсіздігіміздің жемісі, индустриялық-инновациялық жобалардың нәтижесі.

Аталмыш жобаның мәреге сәтті жетуі зауытта 277 жаңа жұмыс орнының ашылуына септігін тигізді. Ал оның құрылысына 3800 қазақстандық

маман қатысты. Соның дені — атыраулық қыз-жігіттер.

Одан әрі бензол — мұнай-химия саласының басты шикізаты. Бүгінде Батыс Ескененің қарсы бетінде осы кешен салынып жатыр. Республика бойынша осындай тұңғыш өндіріс ошағы Атырауда тұрғызылмақ. Елбасы Жолдауында айтылғанындай, жылына 800 мың тонна полиэтилен мен 500 мың тонна полипропилен дайындау жоспарланған. Елімізде бұрын-соңды мұндай өнім өндірілмеген. Бұдан басқа әр жылы 250 мың тонна бутадиең мен 15 мың тонна полимер алу да көзделген. Жобалық құны жеті миллиард доллар дерлік алып кешен Қазақстан экономикасын жаңа сатыға көтереді. Келешекте дайын өнімдерімізді Еуразиялық экономикалық одақ аясында Беларусь пен Ресейге тасымалдауға болады. Бұдан бөлек, Еуропа мен Қытай да қызығушылық танытып отыр.

Жалпы аумағы 3,5 мың гектарлық арнайы экономикалық аймақ шағын және орта бизнес иелерінің шоғырланатын да орны болмақ. Жергілікті атқарушы билік оның инфрақұрылымын жасақтап бермек. Ал мұнда орналасатын кәсіпкерлерге қарастырылып отырған салықтық, келендік және басқа жеңілдіктер оларға шаруаларын шалқытуға жағдай жасайды. Міне, бензолды мұнай-химия кешенінің шикізаты ретінде пайдаланудың нәтижесі осындай. Сайып келгенде, қарапайым киім ілгіш тәрізді күнделікті тұтыныатын 500 шамалы өнім түрі өзімізде жасалмақшы.

...Сонымен, теміржол бойында сап түзеген вагон-цистерналарға құйылған бензол Ресейдің Тула облысына бет алды. Қазақстанда жасалған тұңғыш мұнай-химия саласы шикізатының алғашқы тұтынушысы анықталды. Оның ар жағында өзге де елдердің сұранысы қанағаттандырылмақ. Әрине, ішкі қажеттілік те өтеледі.

Алдағы уақытта олардың қатары бұдан да өсеріне сенім білдірген облыс әкімінің бірінші орынбасары Сағындық Лұкпанов аймақта инвестициялық жобаларды іске асыруға мүмкіндік мол екендігін атап айтты.

Ол: «Атырауда тек мұнай-газ саласында ғана емес, өзге де өндіруші және өңдеуші секторда келешегінен үміт күттіретін тын бастама аз емес. Облыс елуден астам елмен тығыз қарым-қатынаста. Өнірде мыңдаған бірлескен кәсіпорын қызмет етуде. Шетелдік инвесторлардың қатысуымен жыл сайын жаңа өндіріс ошағы

Бәрекелді!

Әйтсе де, кенестік жүйе құлдыраған соң бұрынғы республикалар арасындағы экономикалық қарым-қатынас тоқтап қалды. Бұл байлыққа да сұраныс азайды. Кейінгі жылдары жергілікті атқарушы билік соны бірлесіп



Жалпы, Атырау өңіріндегі Индер ауданында қазба байлықтың бәрі дерлік кездеседі. Кезінде мұнда ас тұзы, гипс пен қапыршақ тас жол салуға қажетті өзге де пайдалы қазбалар игерілген. Соның айғағы іспетті терең шахталар әлі бар.

ЕН БАЙЛЫҚ — ЕЛ ИГІЛІГІНДЕ

игеруге инвестор іздеумен келеді. Бәрі де қызығушылық танытады. Бірақ ең далаға қаржы салуға қаймығатын тәрізді.

Енді, міне, француз мамандары тәуекелге барып отыр. Жакында мұнда канадалық ет өнімдері бағытында бизон өсірумен және косметикалық өнім шығару үшін лаванда отырғызумен шұғылданатын істің тұсауы кесілді. Бұл өнімдерге Еуропа елдерінде сұраныс жоғары көрінеді.

Бүгінде француздың Issmat investment & finance компаниясы 300 млн доллар бөлуге келіскен. Инвестормен өткен жылғы қыркүйекте мұнайлы мекенде ұйымдастырылған «Атырауинвест-2016» форумында қол қойылған-ды. Биылғы

ауданының облыста қолдау күтетін өнірлердің бірі екендігін ескерсек, онда осы жобалар арқылы алдыңғы қатарға шығуына толық мүмкіндік бар. Тұрасын айтқанда, аудан экономикасының болашағы бүгін қаланғалы тұр. Сәтін сапса, қазыналы өнім сонау жылдардағыдай қызу еңбектің ортасына айналмақ.

Сонымен қатар ауданда қолға алынатын жобалар қатарында гибриді күн сәулесінен қуат алатын электр стансасы, жылыжай, асыл тұқымды екі мың сиырға арналған тауарлы сүт фермасы, коқыс өңдейтін зауыт, бесірге тұқымдас балық өсіретін кәсіпорын бар. Міне, көрдіңіз бе, бұған дейін бұйығы жатқан аймақ бір-ақ сәтте қарыштап дамығалы тұр.

Жалпы, жылыжайдың шатырына және 200 гектар жерге күн панелі орнатылады. Олар қуаты 80 МВт энергия беруге есептелген. Оның он мегаваты жылыжайға жұмсалып, қалғанын халық қажетіне пайдаланылмақ. Ал ВІО халықаралық стандарты бойынша жылына 20 мың тонна көкөніс өндіріледі. Бұдан басқа екі мың дана арқан балық өсіру жоспарланған. Оған арналған құрылыс еуропалық стандарттарға сай жүргізіледі. Сондай-ақ инвестор жергілікті зауыттардан шабақ алуға да мүдделі. Демек, бағалы балық



Астана күні қарсаңында аталған жобалардың бастамасы ретінде келешек құрылысқа қапсула салу рәсімі өтті.

Оған қатысқан облыс әкімінің орынбасары Әлібек Нәутиев Индерде қолға алынатын жобалар мәреге жеткенде елімізде бұрын-соңды болмаған іс атқарылмақшы екендігіне тоқталды. Инвестиция үш жылға арналған. Құрылыс жұмысына 20 мыңға жуық адам тартылмақ. Кейін тағы да жүздеген жаңа тұрақты қызмет ашылады. Демек, тек мұнай-газ саласына иек артып, жұмыс орнын содан іздегенге іргелес екі қолға бір күрек табудың сәті түскелі тұр.

Оның үстіне, жергілікті бюджетке қомалты салық құйылады. Егер Индер

тұқымын алысқа тасымалдамай, іргедегі тұтынушыға сату мүмкіндігі туы.

Ақырында, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін лизингтік орталық ашу ойла бар. Мұндағы жоспарланған жобалар құны 234 млн долларға тең. Оған бес мемлекеттен он компания қатысмақ. Солардың ішінде Біріккен Араб Әмірліктері, Оңтүстік Корея бар. Бәрі де бірлесіп іс атқаруға мүдделі. Мәселен, араб Саид Мессали Қазақстан нарығы үшін инвестиция салуға әзірлігін айтады. Өйткені, біздің елде инвестордың еш нәрседен сескенбей еңбек етуіне барлық жағдай жасалған. Соның ішінде Атырауда сырттан келгендер өзін туған жерінде жүргендей еркін сезінеді.

Жаңа жоба

Жаңа зауыттың іске қосылу салтанатына облыс әкімінің бірінші орынбасары Сағындық Лұкпанов пен Ұлыбритания министрілігі халықаралық сауда департаментінің энергетика және инфрақұрылым бөлімінің басшысы Кэмпбелл Кеир қатысты.

Жалпы, мамандардың айтуынша, бұған дейін жер қойнауын пайдаланушылар әр жылы 300 мың тоннаға дейін осындай бөлшекке шетелге тапсырыс беріп келген. «Алыстан арқалағанша, жақыннан дорбалда» демекші, енді бұл мәселе де нақты шешімін тапты. Оның үстіне, қажетті құрал-жабдықты жергілікті жерден өндіруге бетбұрыс жасау елімізде қолға алынған мемлекеттік индустрияландыру бағдарламасы талабына сәйкес келеді. Осы орайда, Атырау шетелдік инвестиция тарту жөнінен республикада алдыңғы қатарда саналады. Соның ішінде әлемнің озық компанияларымен тізе біріктіріп, бірлескен кәсіпорын құру ісі оңға басқан. Әсіресе, бұған дейін де бірнеше шетелдік компаниямен әріптестік қарым-қатынастағы Ұлыбританияның IPSS компаниялар тобының мұнайлы мекенде тың

Мұнайлы мекен — Атырауда тағы бір кәсіпорын қатарға қосыды. Жаңа өндіріс ошағы мұнай-газ секторын құбыр біріктіргіш бөлшектермен қамтитын болады. Енді осында жұмыс істеп жатқан отандық және шетелдік компаниялар бұл реттегі қажетті құралдарды алыстан тасымалдамай-ақ, жергілікті жерде шығарылған өнімді пайдаланбақ.

өндіріс ошағын ашуы — құптарлық жай.

Жалпы, бұл өнімді әлемдік нарықта барлық мұнай-газ өндіру компаниялары қолданады. Демек, толықтай жөндеу, істен шыққан техниканы қайта қосу

Металдан жасалған әр түрлі бұйым, құбыр арматураларының бірнеше түрін шығару — болашақтың еншісінде. Ал кәсіпорынның іргетасы қаланған жарты жыл ішінде оған 500 мыңға жуық АҚШ доллары құйылған.

МҰНАЙЛЫ ӨҢІРДІҢ АЛТЫН ТАМЫРЫ

кезінде осындай бөлшек аса қажет. Өткен жылдың қазан айында көтерілген бастама бүгінде ақиқатқа айналды. Осы орайда биылғы қантарда өмірге келген жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұлыбританиялық IPSS компаниялар тобының Қазақстандағы еншілес өкілдігі болып табылады.

Сондықтан, жаңа кәсіпорында толықтай шетелдік инвестиция жұмсалып отыр. Келешегінен зор үміт күттіретін компанияның даму бағдарламасы бес кезеңді қамтиды. Кәсіпорында барлық технологиялық жүйе толық автоматтандырылған. Жаңа жұмыс орындары ашылды. Алдағы уақытта өнім көлемін көбейту жоспарланған.

Әрине, жаңа технология қолданысқа енгізілген сәтте жергілікті кадрды оқыту жайы да — күн тәртібіндегі маңызды мәселенің бірі. Осы орайда, компания сырттан тәжірибелі маман шақыртқан. Олар екі апта бойы осында болып, атыраулық жастарды оқытып, білімін жетілдірмек.

Осылайша, мұнайлы өңір мен Ұлыбритания арасындағы байланыс одан әрі нығая түспек. Келендік статистика мәліметіне жүгінесек, Атырау облысы мен Ұлыбритания арасындағы тауар айналымы қантар-мамыр аралығында 122,9 млн АҚШ долларын құраған. Өткен жылғы есепті мерзіммен салыстырғанда, биыл бұл көрсеткіш екі есеге артқан. Соның ішінде экспорт — 81,2, ал импорт 41,7 млн АҚШ доллары. Негізінен экономикасы қарқынды дамыған елге шикі мұнай экспортталатыны белгілі. Ал Атырау облысында бүгінде британдық капитал үлесімен 126 кәсіпорын жұмыс істеуде.



ашылуға. Құбыр арматураларын шығаратын зауыт — осы сөзіміздің айқын дәлелі. Бұл — біздің бірлескен жұмысымыздың алғашқы қадамы.

Халықаралық сауда палатасының белсенді қатысушысы. Оған 60-қа жуық компания инвестор ретінде келді», — дейді.

Бетті дайындаған
Мендібай СҮМЕСІНОВ,
Атырау облысы



Сенім

Халықтың тұтастығы мен дінінің тұтастығы арасында тікелей тәуелді байланыс бар. Көптеген этникалық топтар мен діни сенімнен құралған біздің қоғамда мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігі аса маңызды дүние. Еліміз әрбір діннің дамуына қолдау көрсететін зайырлы мемлекет. Халқымыздың басым бөлігі ислам дінін ұстанады. Сондай-ақ өзге дін өкілдері де елімізде қарқынды қызмет атқарып жатыр. Осындай діннің бірі – христианның ішіндегі католик ағымы. Елімізде христиандықтың екінші тармағы католик бағытын ұстанатын топ бар. Олардың өзі екі топқа бөлінеді: Рим католик шіркеуі және Грек католик шіркеуі. Бұл екі шіркеу негізінен Астана, Алматы және Қарағанды қаласында белсенді жұмыс істеуде. Ел көлеміндегі католик діни ұйымының саны – 38, діни бірлестік – 80. Қазіргі таңда діни бірлестіктердің бір-бірімен қарым-қатынасы, дамуы туралы католик ағымының өкілі Алматы қаласындағы «Қасиетті Дева Мария» атындағы Рим католик шіркеуіндегі әулие әкей Лука Байномен әңгімелескен едік.

Жас казак: Лука Байно мырза, Алматыдағы Рим католик шіркеуінің негізгі қызметімен ой бөліссеніз. Католик бағытын ұстанатын қала тұрғындарының белсенділігі қандай?

Лука Байно: Алматыда католиктер өте аз. Тек біздің екі мерекеде ғана «Рождество» мен «Пасхада» шіркеуге

Лука БАЙНО:

ДІНИ СЕНІМІМІЗ АЙҚЫН

келушілер көбейеді. Алматыдан бөлек қала сыртында да біздің діни бірлестігіміз бар. Бірақ қаламыздағы мұсылмандармен салыстырғанда, католиктердің саны өте аз. Бірақ біз ешкімді католик бағытын ұстаныңыз деп күштей алмаймыз, дінге қызығушылық танытып, оны қабылдаймын деушілер болса, есігіміз ашық. Дін – мемлекеттің негізін құраушы ең маңызды фактордың бірі болғандықтан, ішкі тұрақтылықтың да кепілі. Еліміздегі ортақ ауызбіршілік, елжандылық, адамды сүю, бейбітшілік пен тыныштық – дәстүрлі діндерінің басты ұстанымы. Біздің елімізде қазір 150 мыңнан астам адам өзін католик санайды. Олардың көбі поляк, неміс, украин ұлтының азаматтары. Сондықтан, соңғы жылдары 80-ге жуық діни бірлестік Рим католик шіркеуі ретінде, ал 2 діни бірлестік Грек-католик шіркеуі ретінде тіркелді. Алматы қаласында католик ағымын ұстанатын 2500-3000 ға жуық тұрғын бар. Католик шіркеулерінде құдайға құлшылық рәсімі орыс, украин, неміс, ағылшын және поляк тілінде өтеді.

Жас казак: Күнделікті өмірде католик бағытын ұстанушылар мен өзге дінді ұстанушылар арасындағы қарым-қатынас қандай деңгейде?

Лука Байно: Біздің елімізде барлық дінге еркіндік берілген. Мен өзім Италия елінен көшіп келдім. Осы сұрақты маған итальяндық достарым жиі қояды. Кез келген БАҚ-тан мұсылмандар туралы жағымсыз пікір естіп жатамыз. Ал ислам дінін ұстанушылар саны басым Алматы қаласында қалай өмір сүріп жатсындар дейтіндер бар. Мен Алматы тұрғындарының бір-бірімен қандай дінді ұстанса да, тату-тәтті тұратынын үнемі мақтанышпен айтып жүремін. Осыған дейін 6 жыл Талдықорған қаласында тұрдым. Ондағы католик шіркеуіне жақын тұратын тұрғындардың дені казактар. Яғни мұсылмандар. Біз бір-бірімізбен өте тығыз байланыста болдық. Достығымыз жарасып, дінге, ділге бөлінбей, тату-тәтті өмір сүрудеміз. Алматы қаласы әкімдігі тарапынан ай сайын барлық діни өкілдерінің басын қосатын жиын ұйымдастырылып тұрады. Бізде католик ағымының өкілі ретінде жиынға қатысып, қандай да бір жағдайға байланысты ойымызды ортаға саламыз. Өзге дін өкілдерімен ашық сұхбат құрып, ортақ шешім табуға тырысамыз. Мемлекет тарапынан да барлық дінге қолдау берілгенін атап өткен жөн. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Біз барша діндердің теңдігі мен Қазақстандағы дінаралық келісімді қамтамасыз етеміз және бұған кепілдік бере аламыз. Біз исламның, өзге де әлемдік және дәстүрлі діндердің ең үздік дәстүрін дамытудамыз және оларды сыйлаймыз. Бірақ та заманауи зайырлы мемлекет құрып жатырмыз» — деп атап өткен болатын.

Біздің мемлекетіміздің дін саласындағы мақсатының бірі — зайырлылық сипатты сақтау. Бірақ бұл жерде зайырлылық дегеніміздің атеизм емес екендігін, оның мемлекет пен діннің өзара әріптестігіне тұсау салмайтындығын түсінуге тиіспіз. Қазақстанда мемлекет діннен бөлек, сондай-ақ діни бірлестіктердің қызметі мемлекет заңына қайшы келмесе, мемлекет оның жұмысына араласпайды. Сондай-ақ тағы да айтып өтер болсақ, біз елімізде тіркелген діни ұйымдардың барлығымен өзара қарым-қатынас жасап, байланыс орнатып отырамыз. Дінаралық татулықты сақтау ең басты міндетіміз. Алматы қаласы ірі мегаполис екенін ескерсек, бұл қалада маңызды діни бірлестіктердің барлығы өз жұмысын істеп келеді. Елбасымыздың қолдауымен барлық дінге еркіндік беріліп, оған ешқандай кедергі жасалмаған. Мемлекеттің де алға қойған міндеті — дәстүрлі діндердің дамуына еркіндік беру. Өзге елден келсем де, өзімді бөтен сезінбеймін. Менің ойымша, әрбір адам қай дінді ұстанса да, өзіне сенімді, еліне, отбасына адал, тек жаксылық пен ізгілікті бойында жинауы қажет.

Жас казак: Соңғы кездері ислам атын жамылған экстремизм мен терроризм көпшілікке үрей тудыруда. Сіз адамдық сыйпатқа, діни ұстанымға жат осы әрекеттер туралы не айтасыз?



Лука Байно: Мен Құранның маманы болмасам да, айтарым ешқандай дінде адам өміріне қол сұғу деген атымен жоқ. Егерде сен қандай да бір діннің өкілі болсаң, айналаңа тек жаксылық әкелуің керек. Мүмкіндігінше татулық, сыйластық, махаббат сезімдерін сыйлауың керек. Осы күні қоғамда кейбір отбасы мүшелерінің түрлі дінге еріп, тоз-тозы шығып жатқанын көріп жүрміз. Адамды адастырушы ағымға кірген кейбір азаматтарымыз, өз отбасының ойранын шығаруда. Кейбірі ата-анасы, бауырларымен басқаша қатынас жасап, өз сенімін насихаттап, өз көзқарасына жақындарын мәжбүрлеуде. Өзімшілдікке бой алдырған кейбір бауырларымыз өз үйін, жеке мүлкін сатып, ортақ қауымды меншікке беріп, отбасылық өмірден бас тартып, адамды көрсөкырлыққа итермелейтін діни-нанымның соңына еріп, өзгелердің қол шокпарына айналғаны өкінішті-ақ! Бұл — дәстүрлі отбасылық өмірді өзгерту. Мұндай діни көзқарастағы, алуан түрлі жандар ешқашан бір шаңырақ астында береке-бірлікте өмір сүре алмайтындығын көріп отырмыз. Отбасы — кішігірім

заманда үш діни сенімнің кейпіне еніп, бейнесін салып жүрген «көшірме» діндер қаптап кетті. Осындай жасанды діндердің салдарынан қоғамда терроризм және діни экстремизм термині пайда болды. Діни экстремизмнің салдарынан адамның санасы улауын теріс жолға түсіп жатқан адамдар аз емес.

Жас казак: Көбінесе діни ұстанымы әлсіз жастарымыз тез адасып жатады. Осының алдын алу үшін не істейміз керек деп ойлайсыз?

Лука Байно: Жастардың өз алдына қойған мақсаты, арманы бар. Алайда біз аға буын өкілдері жастарға бағыт-бағдар берушілер екенімізді ұмытпауымыз керек. Өйткені жастар үлкендердің әрекетіне қарап қалам басалды. Сондықтан біз діни тұрғыдан немесе алами тұрғыдан дұрыс бағыт көрсетуіміз керек. Жалындап тұрған жастар жат ағымның жетегіне тез еріп кетеді.

Соңғы кездері бұрын — сонды атын естімеген дәстүрлі емес діни ағымдардың көбеюі осының дәлелі. Бақытты өмірдің қандай болатыны жөнінде түрлі-түсті етіп безендірілген кітап тарататын адамдар пайда болды.

Тіпті тыңдауға уақыттың жоқтығын айтсаң да, артынан қалмай діни кітап ұсынып, өмір туралы өз қағидасын судырата жөнеледі. Жат ағымдардың құрығына жастар жағы жылдам түсіп кетеді. Олар жастар санасын тек қана уландырып қана қоймай, сонымен бірге өз қатарына жинауда, өздеріне пайда әкелетін іспен айналысуға жастарды пайдаланады. Дәл қазіргі қоғамда дін мәселесінің ықпалы ерекше. Жасыратыны жоқ, бәзбіреулер үшін бұл адамзат баласының тағдырын шешетін саясаттың құралына айналып отыр. Сондықтан біздің мақсатымыз — жастарды дінаралық және мәдениетаралық диалогқа, ынтымақтастық пен төзімділік рухына тәрбиелеу. Әрине, біз құқықтық зайырлы елде өмір сүріп жатқан соң, қай дінді ұстану әркімнің өз қалауы. Дегенмен, ұлт қауіпсіздігі, ел тыныштығы, ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі біз үшін басты ұстаным болуға тиіс.

Дін — рухани құндылығымыздың бірі. Қазіргі таңда жалпы қоғамда діни ахуал өзекті мәселенің біріне айналғаны жасырын емес. Атап айтсақ, деструктивті діни ағымдардың қарқынды

идеологиясының нәтижесі діни экстремизм мен терроризм болып жалғасын табуда.

Егер дер кезінде алдын алмасақ, деструктивті діни ағымның идеологиясы жастарды діни экстремизмнің қармауына түсіреді. Біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымызда діни экстремизмнің қауіпіне неміскұрайды қарауға болмайтынын уақыт өзі дәлелдеп келеді. Олардың теріс ықпалы соншалықты, жастар арасында өзі ұстанған жолдағылардан басқа мұсылмандармен, туған-туыстарымен, тіпті әке-шешесімен қарым-қатынасын үзуге дейін алып бару тәсілін де қолданады. Нәтижесінде, жанына жақын адамдарынан қол үзіп қалған жастар оңай басқарылып, экстремистік, ланкестік мақсатта қолданылатын дайын «тірі өнімге» айналады.

Сондықтан мемлекет басшысы айтқандай, біз жат пиялды әрекетті қабылдамай, рухани күш-қуатымызбен қарсы тұра білуіміз қажет.

Біз, келешек өскелен жас ұрпақты осы бір қатыгес «мылтықсыз майданнан» аман сақтап қалуымыз керек. Мемлекет өз азаматтарының конституциялық құқын

ескере отырып, оларға дін бағытында жүйелі дінтанулық білім беруді іске асырса, оның жоғарыдағы мәселелерді болдырмауы үшін тиімділігі айқын. Әлем елдерінің дін жолындағы тәжірибесін ескере отырып, елімізде де зайырлылықтың қазақстандық үлгісін жасау — заман талабы. Сонымен бірге діннің ұлт мәдениетіндегі орны мен қоғамдағы қызметі және рөлі туралы жастарды үнемі құлағдар етіп отыруымыз керек. Жалпы дәстүрлі емес діни ағымның көздеген мақсаты — халықты айтқанға көнетін ойсыз топқа айналдырып, оларды жанды қуыршақ сияқты басқару, санасына әмір жүргізу болып табылады. Кез келген адамды халықтың, не болмаса қандай да бір ұйымның құрамдас бөлігі ретінде қарастырсақ, тұлға ұйымның ортасына түскен кезде, сол ұйымның ықпалына

бейімделгіш келетіні белгілі. Тұлға ұйымның арасында қалған сәттен бастап бұрынғы табиғи қалпынан өзгеріп, мүлде басқаша ойлай бастайды. Сол ұйымға тән іс-әрекеттерді жасайтын болады.

Дін — мемлекеттің негізін құраушы ең маңызды фактордың бірі болғандықтан, ішкі тұрақтылықтың да кепілі. Еліміздегі ортақ ауызбіршілік, елжандылық, адамды сүю, бейбітшілік пен тыныштық — дәстүрлі діндерінің басты ұстанымы. Ал қауіпсіздігімізге қатер төндіретін жат ағымдардан бойымызды аулақ ұстап, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелегеннен ұтылмасымыз анық.

Макпал НОҒАЙБАЕВА,
Алматы қаласы

ЕЛ БІРЛІГІ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Дін – дінгек

Соңғы жылдары елімізде дәстүрлі емес діни ағымдар мен секта көбейіп кетті. Олардың басым көпшілігі ислам атын жамылған және протестанттық прозелиттік ағым десек болады. Еліміздің рухани тұтастығын сақтағымыз келсе, осы ағымның канондық-доктриналық һәм агитациялық ерекшелігін ескіруге өте өзекті.

Тарихта дәстүрлі ислам шеңберінен шығып кетуші


«Экстремизм» термині – сөзбе-сөз (лат. Extremus – шеткі) шектен тыс көзқарас ұстанып, шектен тыс әрекетке бару қоғамдағы төртіп пен талапты жоққа шығару деп анықталады. Экстремизм – әр уақытта әрқалай көрініс беретін өте күрделі құбылыс.

екінші жерге қозғалу», «ұйықтау», «демалу» сияқты адами, антропологиялық, жаратылысқа тән сипаттармен сипаттауға тыйым салынған. Мұндай сипат Алла тағала хакында кемшілік болып табылады. Бұл негіз Құран Кәрімнің: «Оған ұқсайтын

тәртіпке бағынбай, мешіттерде бүлік тудыруы экстремистік сипатқа саяды. Ал қару көтеріп, қан төгу ең ауыр қылмыс, террорлық әрекет.

Ислам діні — этнос пен халық арасында тыныштық, бірлік, ынтымақ қалыптастыруды мақсат етеді.

ЕШКІМДІ ЕСІРКЕМЕЙТІН ЭКСТРЕМИЗМ



ағым аз болмаған. Олардың көпшілігі уақыт көшіне ере алмай жойылып кеткенімен, идеологиялық сарқыншағы осы күнге дейін сақталып қалды. Оның дәлелі — теріс пиялды ағым дәстүрлі ислам доктринасына, ұлттық ауызбіршілігімізге сұрқиялықпен сына қакқысы келіп, қоғамда бүлік тудыруда.

Атап айтқанда, Қазақстан аумағында сот арқылы тыйым салынған 23 ланкестік және экстремистік ұйымның ішіндегі «Такфиризм» тобының «төркіні» болып табылатын салафилік-уаһабилік ағым қазіргі қоғамға аса қауіпті.

Сарапшылар бұл ағым өкілдерінің бүгінгі күнде үш топқа бөлінгенін айтады: төкірішілдік, сұруриттік, малхалидік. Осы үш топтың саяси көзқарасы әртүрлі болғанымен, негізгі діни сенімін қалыптастырған көсемдері мен ғалымдары, оқитын кітаптары, ұстанатын ақидалары бір. Олар ақидаларының негізгі ретінде Ибн Таймияның концепциясын қолданады.

Ибн Таймия — 1263 жылы солтүстік Сириядағы Харранда дүниеге келген. Ол салафизм ағымының негізін қалаушы. Ислам ғұламалары бірауыздан қабылдаған қағидаларға қарсы келіп, дін негіздеріне жататын «Таухид» ілімін «улухия», «рубубия» және «асма уа әс-сыфат» деп үшке бөледі негіздеп, шектен тыс әрекетке барған. Алайда бұл негіздерді ислам ғұламалары бірауыздан теріске шығарғандығы мұқым мұсылман әлеміне мәлім. Бұл жөнінде сәуидиялық замандасымыз, шейх, доктор Омар Абдулла Камил «Калиматун хадиятун фи бани хатои ат-таксим ас-суласий лит-Таухид» (*Таухидті үшке бөлудің қателігі жөніндегі трактат*) атты еңбегінде жан-жақты дәйектеп жазған. Автор таухидтың «Улухия» (*тәңірлік*), «Рубубия» (*жаратушылық*) бөліктерінде тартыс жоқ екенін, алайда «Әсма уа әс-сыфат» (*Алланың есім және сипаттары*) бөлігінде салафилер шатасатынын жеткізген.

Сонымен қатар Ибн Таймия Құран Кәрімдегі «Мүтешабин» астарлы аяттар мен астарлы мағынадағы хадистерді тікелей, сөзбе-сөз мағынасында түсінуге үндеген. Мысалы, ол «Түннің үшінші бөлігінде құлшылық еткен пендеге Алланың мейірімі түседі» деген мағынадағы хадисті «Алланың өзі түседі» деп, қате түсіндіреді. Сунниттік (*Аһлі әс-сунна үл-жамағат*) ақида бойынша Алла тағаланы «түсу», «бір орыннан

нәрсе мүлде жоқ!» (*«Шура» сүресінің 11-аяты*), «Алланы ештеңеге ұқсатпандар» (*«Насх» сүресінің 74-аяты*), «Алла тағаланың еш теңдесі жоқ» (*«Ықылас» сүресі, 4-аяты*) секілді аяттардан алынған. Бұл тұрғыда бір тарихи дерек келтіре кетейін. Өйгілі араб саяхатшысы Ибн Баттута (*XIII ғ.*) өзінің «Тұхфату ан-нузар фи ғараиб ал-асфар» деген кітабында радикалды ойымен танымал болған Ахмад ибн Таймияның Дамаск қаласындағы уағызын тыңдағанын, сол жерде орын алған оқиғаға куә болғанын былай жеткізеді:

— «Ибн Таймия «Алла түннің үшінші бөлігінде бірінші аспанға осылай тиянып, сол кезде Ибн әз-Заһра атты Мәлики мәзһабының факих ғалымы орнынан тұрып, оның бұл сөзі дұрыс еместігін, исламға қайшы екенін айтты. Мешіт жамағаты наразылық танытты. Соңында, жамағат оны (*ибн Таймияны*) аяқ киімдерімен ұрып, мешіттен қуып шықты...». Сондай-ақ Ибн Баттута аталмыш кітабында сол замандағы мысыр патшасы ән-Насыр Жоғарғы Сот шешімімен Ибн

Алланың 99 көркем есімінің бірі «Ас-салам» — «тыныштық», «бейбітшілік» дегенді білдіреді. «Ас-салам» мен «Ислам» сөзінің араб тілінде «тыныштық, бейбітшілік» мағынасын білдіретін «силм» түбір сөзінен шығатыны біраз сырды аңғартса керек. Әрбір мұсылман бір-біріне «Ассаламағалейкум!» деп амандық, тыныштық тілеп сәлемдеседі.

Шынайы мұсылман адамның еш уақытта ланкес, террорист болуы мүмкін емес. Өйткені қасиетті Құранда «Кімде-кім шаң тозанындай жаксылық жасаса, соның жазасын тартады» (*«Зилзала» сүресі, 7-8 аяттар*) деген қағида бар. Егер сен тозанның салмағындай теріс іс жасаған, соған жауап бересің дегенді білдіреді. Құранда бір адамды өлтіру бүкіл адамзатты өлтірумен бірдей деген аят та бар. Ибн Аббас деген сахаба қасақана адам өлтіруші мәңгілік тозақта қалады дейді.

Бытыр 14 қазанында Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаев мырзаның: «Жұмыла көтерген жүк жеңіл



Таймияны экстремистік ойы үшін Каирдегі Цитаделде орналасқан түрмеге қамағанын және оның сол қамауда жатып өлгенін жазған. Ислам дінінде экстремизмге жол жоқ. Бүгінде салафизм өкілдерінің ата-бабаларымыз ежелден ұстанған, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан Қазақстан Республикасындағы дәстүрлі жол — Исламның Ханафи мәзһабындағы канондық талаптарды жоққа шығаруы, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы бекіткен

болады. Салафиттердің барлығы ашық айтпаса да, қатан діни қағидаға құрылған мемлекетті қоғамдық құрылыстың идеалды жүйесі деп есептейді. Осыған байланысты еліміз үшін салафизмді мүлдем жат, теріс ағым деп санаймыз» — деген ойы өте дұрыс.

Жаһандану дәуіріндегі экстремизм тудырған қауіптің алдын алуда қоғам болып жұмылу қажет деп санаймын.

Ершат ОҢҒАРОВ,
КМДБ Ғұламалар кеңесінің хатшысы, теолог, PhD докторы

Мемлекеттік бағдарлама

Айталық, «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» орындау аясында өңірде құны 1 млрд 300 млн теңгелік табиғи тасты өндіру және қайта өңдеумен айналысатын «Қызбұлақ» ЖШС өңірлік индустрияландыру картасына енгізіліп, жұмысын бастап кетті. Жоба пайдалануға берілгенде 130 жаңа жұмыс орны ашылады деп

енгізу қағидасын бекіту туралы қаулысына сәйкес, облыстық өңірлік үйлестіру кеңесінің хаттамалық қорытындысы негізінде құны 615 млн теңгелік өрік өсіру және өңдеумен айналысатын «Шонжы Агро» ЖШС мен құс фабрикасы «Хозу Агро» ЖШС-нің жобалары өңірлердегі кәсіпкерлікті қолдау картасына енгізілді. Талғар ауданы «Park Resort «Серіккөл» аумағында «Жетісу Инвест – 2016» халықаралық

Кейінгі жылдары кәсіпкерлерге үкімет тарапынан барынша қолдау көрсетілуде. Кәсіпкерлік қарқынды дамыған сайын, бәсекелестік те соғұрлым өркендейді. Халықтың өзі өндіретін өнімнің көлемі артқан сайын импортқа деген тәуелділігіміз азайып, жұмыссыздық пен кедейлік деңгейі төмендейді. Осы ретте Алматы облысындағы Ұйғыр ауданында бірқатар игілікті шараның атқарылып жатқанын айта кеткеніміз жөн.



БАЙЛЫҚТЫҢ БАҒАСЫН БІЛУ КЕРЕК

күтілуде. Ал құны 770 млн теңгелік «Кетпен тау-кен байыту комбинаты» ЖШС-нің жоба құжаты дайындалып, өткізілді. Сонымен қатар үкіметтің биылғы 27 қаңтардағы №32 жобаларды индустрияландыру картасына және өңірлер кәсіпкерлігін қолдау картасына

инвестициялық форумы өтіп, облыс бойынша 27 меморандумға қол қойылса, оның ішінде Ұйғыр ауданына 4 инвестициялық жоба келуге ниет білдірді. Форум қорытындысы бойынша «Жетісу Инвест – 2016» инвестициялық жобалар жол картасы

бекітіліп, аталған жобалар өңірлік үйлестіру кеңесінде инвестициялық жоба ретінде танылды. Осыған орай, LOYALMATY GROUP ЖШС азық-түлік және ауыл шаруашылығы өнімін өндіру мақсатында агроөнеркәсіптік кәсіпорындардың құрылысы, Farm agro ЖШС асыл тұқымды ұсақ мал

және ірі қара (Аңғус) малын өсіру, «АгроЛендПлюс» ЖШС өрік бағын өсіру және өнімін өндіру, «Ангер» ЖШС жарамсыз көмір қалдықтарын өңдеу жұмысы жүргізілмек. Байлықтың бағасын білген ғана, бағын жанады. Шүкір, еліміз жерге де, кенге де бай. Әзірге біз жер қойнауындағы табиғи байлықтың игілігін көрудеміз. Олардың да таусылар кезі болады. Сол үшін жер байлығын тиімді пайдалануды ойластыратын кездін жеткенін дұрыс түсінген жөн.

Науқан

Алматы облысы Ескелді ауданында егін орағы қарқын ала түсуде. Аудан көлеміндегі орылуға тиісті 27400 гектар масақты дақылдың 18700 гектары жаздық және күздік бидай болса, 8700 гектары арпа егістігін құрайды.

Басталғанына бір аптадай болған орақ науқанының барысы күн өткен сайын кеңейе түсуде. Соның нәтижесінде соңғы күндерге дейін 3600 гектардан астам алқаптың егіні бастырылып, гектар түсімділігі әзірше 22 центнерден айналууда. Егіні пісіп жетілген егінжай іріктеп, шабылып жатқанын ескерсек, бұл көңіл қуантарлық нәтиже. Өткен жылы аудан бойынша 65 мың тонна астық жиналған болса, егіншілер биылғы жылы да орақ науқанын ойдағыдай аяқтап,

құмдауыт жерге орналасқандықтан, дәні ерте пісіп толысқан 172 гектар күздік бидай мен 30 гектар арпаның әр гектарынан 22 центнерге жуық өнім жинап, орақ науқанын ойдағыдай атқарды. «Хильниченко» сенім серіктестігінің егіншілері де еселенген жігермен еңбек етуде. 967 гектар масақты дақылдың суармалы егістіктегі 41 гектарының егінін жеті комбайнмен қысқа мерзімде жинап, гектар

ОРАҒЫ САЙЛЫ, БИДАЙЫ БІТІК



осы межеден төмендемеу үшін барлық күш-жігерін жұмылдыруда. Жекелеген шаруашылыққа келетін болсақ, Серік Сариев басқаратын өндірістік кооператив еңбеккерлері егін орағын қысқа мерзімде әрі сапалы аяқтап үлгерді. Егінжайлары

түсімділігін 30-32 центнерден айналдырырған шаруашылық ұжымының да орақ науқанын табысты аяқтап шығуға деген құлшынысы зор. Бақтыбай ауылдық округіндегі Мажит Резоян басқаратын «Астық өнімдері» ЖШС-нің 1020 гектар егінжайында да қазір орақ науқаны қызу жүргізілуде. Жұмыстың қысқа мерзімде әрі сапалы атқарылып шығуына көмекке келген Айдын Дүйсенбиевтің жеті комбайны да өлшеусіз үлес қосуда. Орылған алқаптың әр гектарынан 20 центнерден астық алынуда. Пісіп жетілуіне байланысты алқаптарды іріктеп отырып, Қарабұлақ ауылдық округінен Гера Нам мен Мұхит Есімжановтың және Қайнарлы ауылдық округінен Зинаида Черкашинаның шаруа қожалықтары да егін орағын бастап кетті.

Шора БАТЫРБАЕВ

Әлеумет

Облыстағы 2 миллионнан астам тұрғынның тең жартысын құрайтын жастардың барлық мәселесін реттеп, жүйелеп отыратын облыстық басқарманың басшысы Айдын Нұрмұхамбетұлының баяндамасынан кейін жастардың жарқын болашақ жолында қаншалықты еңбек етіп жатқанын жақыннан біле түстік. Оның айтуынша, кейінгі жылдары облыс басшыларының шынайы қамқорлығының арқасында жастарға барынша қолдау көрсетілуде. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы жастарға жүктелген сенім осы бағыттағы жұмысты ширатуға сеп болғаны анық. Осындай сенімді актау үшін биыл облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы бірқатар маңызды іс-шараны атқаруға кірісіп кетіпті. Биыл облыс жастарының жұмысын ширату, жоба-жоспарын мүлтіксіз атқару үшін 542 млн теңге қаржы бөлінді. Осы қаржының басым бөлігі ауылды жерлердегі жастардың жұмыссыздық мәселесін жоюға бағытталмақ. Қазірдің өзінде «Жастар жолы» атты жоба қолға алынып, облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омардың бастауымен 10 ауданды аралап шығып, жастардың арасындағы ең өзекті мәселелер сараланған. Сондай-ақ аудандардағы бос тұрған ғимарат, игерілмеген жерді облыстық басқарманың теңгеріміне алып, жастарға қызмет көрсететін орталыққа айналдыруды мақсат етуде. Ең бастысы, өткен жылы облыста жастарға қызмет көрсету орталығы ашылды. Бұл ғимаратта еңбек ететін жастар өңірдегі жастар ісінің жандануына үлкен ықпал етуде. Жетістік те жетерлік. Дейтұрғанмен, жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесінде шешімін күткен жағдайлар аз емес. Облыс

Алматы облысында өңірлік коммуникация қызметінде «Жасыл ел» еңбек жасақтарының Алматы облыстық бөлімшесінің 13-ші еңбек маусымының басталуына орай брифинг өтті. Оған облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Айдын Нұрмұхамбетов, «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабының жетекшісі Тоқтар Болысов, «Жасыл ел» еңбек жасақтарының облыстық филиалының жетекшісі Тимур Нұрманов қатысып, атқарылған жұмыс жайлы ақпарат беріп, алдағы міндетімен бөлісті.

ЖҰМЫСсыздық жасты да қажытады

жастарының жұмыссыздық деңгейі 2015 жылы 2,6 пайызды құраса, бытыр 3,1 пайызға өскен. Есесіне, бытырғы жылдың бірінші тоқсанында жастар арасында 988 қылмыс тіркелсе, биылғы үкәс мерзімде 840 қылмыс тіркеліп, 18,4 пайызға төмендеген.

Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы «Жасыл ел» еңбек жасақтары

облыстық филиалымен бірлесіп, бірқатар жобаны қолға алған. Айтпақшы, өткен жылы «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 52 млн теңге қаржы бөлінсе, биыл 46 млн теңге қаржы қарастырылған. Есесіне, республикалық бюджеттен 91 млн теңге қаржы бөлінген. Осы қаржы есебімен биыл екі жарым мың жас жұмыспен қамтылатын болады. Сонымен қатар өткен жылы облыс әкімінің қолдауымен Талдықорған қаласынан бір гектар жер бөлінген, оған жылыжай салып, ағаш отырғызу арқылы жастарды жұмыспен қамтудың жаңа мүмкіндіктері ашылмақ.



Соңында журналистер сұрағына жауап берген спикерлер өңіріміздегі жастар ісінің жандана түсетініне сенім білдірді.

Кәсібің – нәсібің

Алматы облысының Кәсіпкерлер палатасы 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында өткен «Бизнес-Кенесші» жобасын қорытындылады. Тегін оқыту «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының төртінші бағыты бойынша іске асырылуда. Оған экономиканың кез келген саласындағы шағын және орта бизнес субъектілері және кәсіпкерлік ынтасы бар тұрғындар қатыса алады. Курс аясында жеке бизнесті ашу, маркетинг, адами ресурсты басқару, кәсіпкерліктің құқықтық негізі мен қаржы сауаттылығы бойынша екі күндік оқу қарастырылған.

Бизнес-тренер Александр Кузнецовтың мәліметінше, 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында Алматы облысы бойынша «Бизнес-Кенесші» жобасында 876 адам оқытылған. Оның 544-і жеке тұлға, қалғаны кәсіпкерлер болып табылады. Гендерлік ерекшелік бойынша оқытуға 63,24% ер адамдар, 36,76% әйелдер қызығушылық білдірген. Жобаның ең жас

Мемлекеттік бағдарлама бойынша оқуға қатысқан 100-ден астам адам кәсіпкер болып тіркелді. Оқыту «Бизнес-Кеңесші» жобасы аясында өтті.

кәсіпкер ретінде тіркелген. Шаруа қожалығын құрып, мал шаруашылығын дамытумен айналысуда. Тыңдаушылардың пікірінше, «Бизнес-Кенесші» кооператив ашуға түрткі болды. Қаратал ауданынан қатысқан азаматтардың бірқатары АШК ашып, белсенді түрде кәсібін жүргізуде. Анна Шингожина «Алма Сүт» атты кооперативті тіркеп, қазіргі таңда сүтті өткізумен айналысады. Ауданның тағы бір тұрғыны Мәулет Мазғұтов «Байғара» кооперативін құрып, ірі қара санын көбейтуде. Сонымен қатар «Бизнес-Кенесшінің» 24 тыңдаушысы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында қаржыландыруға өтінім берген. Тағы 45 кәсіпкер «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша берілетін несиеге үміткер. Семинардың 70 қатысушысының өтініші ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорында қарастырылу үстінде. Жакын уақытта мемлекеттік грант байқауының жеңімпаздары анықталады.

КӘСІПКЕР БОЛУҒА БІР ҚАДАМ



қатысушысы 17 жаста болса, жасы үлкені 57-де. А.Кузнецов «Оқыту бойынша алынған сертификат мемлекеттік грант конкурсына қатысуға, мемлекеттік бағдарлама аясында несие алуға мүмкіндік береді. Жобаның тиімділігін біз қатысушылардың кәсіпкерлік қызметке тартылу, қаржыландыруға қол жеткізу сияқты көрсеткіші бойынша бағалаймыз. Мәселен, оқудан өткен қатысушылардың 105-і кәсіпкер ретінде тіркелген. Олардың көпшілігі жеке кәсіпкерлік ашқан, бесуей ауыл шаруашылығы кооперативін (АШК), тағы біреуі шаруа қожалығын тіркеген», — деп атап өтті. Мысалы, Текелі қаласының тұрғыны Нұрғиса Ағыбаев оқуды сәтті аяқтаған соң, бірден

Оған жобаның 37 қатысушысы өтініш берген болатын. Белгілі болғандай, Алакөл ауданының тұрғыны Святослав Голенецкий мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз грант иесі атанған. 29 жастағы Святослав мүгедектігіне қарамастан, өз ісін бастап, алғашқы нәтижесіне жетті. Ол «Екі күндік оқу өте пайдалы әрі тиімді өтті. «Бизнес-Кенесшіден» кейін палата филиалы бизнес-жоспар әзірлеп берді. Содан кейін мемлекеттік грантқа қатысуға өтініш бердім. Енді жеңімпаз атанып отырмын. Жобамды іске асыру үшін 1 миллион теңге беріледі», — деді. Кәсіпкердің жоспары бойынша Алакөл жағасындағы демалыс аймақтарында балалар үшін жылжымалы аттракцион жұмыс істейтін болады.

Жаңалық жаршысы

Алматы облысының Үштөбе қаласында жаңа емхана есігін ашқара ашты. Бұл теміржолдың арғы бетінде тұратын қала тұрғындары үшін зор қуаныш болды.

ЕМХАНА ЕСІГІН АШТЫ

Жыл өткен сайын Үштөбе қаласының батыс бөлігі ажарланып келеді. Айталық, І.Есенберлин мектебі, 30 пәтерлі тұрғын үй күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді. Міне, Ұлы Жеңіс күні қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлова көшесіндегі көпқабатты үйден Қаратал аудандық орталық ауруханасының емхана бөлімшесі ашылды. Аталған дәрігерлік нысан Елбасы Н.Назарбаевтың 2016 жылғы 15 қаңтардағы Жарлығымен денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында пайдалануға беріліп отыр. Салтанатты шарала аудан әкімі Қайрат Бисембаев барша қала тұрғындарын емхананың ашылуымен құттықтады. — Бытыр осы көпқабатты үйден тұрғындарға пәтер кілттерін тапсырғанда емхана ашу ойымда жүрген. Теміржолдың бергі бетінде 6 мыңнан астам халық тұрады. Ел-жұрт анау орталықтағы ауруханаға теміржолдан асып түсіп жететін. Ауырып тұрған адамның аудан орталығындағы ауруханаға жетуінің өзі қиындық тудыратын. Міне, ігі мақсатымыз орындалып,

тұрғындар ем алатын жаңа орталық ашып отырмыз. Құрметті қала тұрғындары, денсаулықтарыңыз мықты болсын. Осы жерден ем алып, айығып кететін жағдайға жетініздер. — деді аудан әкімі. Мұнда №10-11 тәжірибелік дәрігерлік учаскесі жұмыс жасайды. Емхананың 2 жалпы тәжірибелік дәрігері, 6 медбикесі 4000 халыққа қызмет көрсететін болады. Егу ем-шара пациентті қабылдау бөлмесі жұмыс істейді. Сонымен қатар науқасқа дереу жету үшін бір «жедел жәрдем» көлігі қызмет көрсетпек. Қуанышты күнде қала тұрғыны Қайныжамал алай осындай жағдай туғызған мемлекет басшысына, ел ағаларына алғысын айтып, ақ желеңді абзал жандардың жұмысына сәттілік тіледі. Қанбақты ауылдық округінің ақсақалдар алқасының төрағасы Қуандық Әбдікәрімов ақ батасын беріп, дүниеге келер дені асу ұрпақ көбейіп, қазақтың саны арта беруіне тілектестік білдірді. Осыдан соң салтанатты жағдайда лента кынылып, ақ жаулықты әжелер тәттіден шашу шашты. Жұртшылық заманауи үлгіде жабдықталған медициналық кабинеттерді аралап көрді

Бетті дайындаған Қажет АНДАС, Алматы облысы

Туризм

Аспантаулар өлкесі шын мәнінде, ақынның жырына, сазгердің өніне арқау болып келе жатқан табиғат жауһарларына толы. Жетісу жерінің сұлу тері саналатын ауданның мерейі мен мәртебесін асырып отырған көркем жерлер жетерлік. Соның бірі – бізде ғана емес алыс-жақын шетелдердің қызығушылығын туғызып жүрген көрікті Алматы облысындағы Көлсай.

Қашан барсаң да түп-тұнық, көкпенбек болып көздің жауын алып жататын Көлсай көлі шын мәнінде ғаламат. Аялап қана алақанға салғандай, айналасы жасыл шыршамен көмкерілген мөп-мөлдір сұлулық символы. Табиғаттың тамаша туындысы іспетті. Сұлу да сымбатты, көркем де келбетті Көлсай өлкенің ғана емес еліміздің де мақтанышы. Үкіметтің арнайы қаулысымен «Көлсай» көлдері»

«Солтүстік Тянь-Шань маржандары» атанған Күнгей Алатау жотасына орналасқан Көлсай көлдері – жанның рахаты. Көздің қуанышы, жүректің жұбанышы. Көлдердің пайда болуы шамамен 1887 және 1911 жылдарға тап келеді. Көлдер тектоникалық жағдайлармен Қайыңды және Көлсай өзендері аумағында пайда болған. Аталған Көлсай өзені аумағында Жоғары Көлсай, Ортанғы Көлсай және Төменгі

– Ортанғы Көлсай көлі», «Құрметі ауылы – Ортанғы Көлсай көлі», «Құрметі ауылы – Қыземшек тауы» туристік соқпақтары деп аталады. Бұл соқпақ бойларымен жүре отырып, тұмса табиғат әлемін тамашалап, жабайы аңдарды көруге болады.

Парк аумағында жаз маусымында жалпы сыйымдылығы 200 адамға лайықталған «Көлсай» демалыс орындары жұмыс істейді. Мұнда коттедж бен жаздық үйлерде тұру қарастырылған. Қысқа мерзімді пайдалану үшін жеке кәсіпкерлерге жыл сайын жаз кезінде он сотық жер беріледі. Сол арқылы ұлттық нақыштағы киіз үйлер көз жауын алады. Ұлттық салт-дәстүрімізге негізделген дүниелер бой көрсетеді. Төменгі Көлсайда алты ескекті қайық,

БАРЫСЫ БАР КӨЛ

ұлттық табиғи паркі мемлекеттік мекемесінің құрылып, жұмыс жасап келе жатқаны да соның дәлелі.

— Ұлттық табиғи парктін құрылуы арқылы мұндағы жағдай жақсара түсті. Өңірдегі өсімдік әлемі, жан-жануарлар дүниесі бәрі-бәрі назарымызда. Парк арқылы бірсыпыра адамдар жұмыспен қамтылды. Мұнда мемлекеттік табиғи-қорық қоры қорғалады. Ғылыми-зерттеулер мен бақылаулар жүргізіледі. Табиғат құбылыстары мен табиғат кешендерінің жағдайына мониторинг жүргізіліп отырылады. Экологиялық ағарту

жұмыстары қолға алынады. Ең бастысы, мұнда келіп демалушыларға бар мүмкіндік жасалады, — дейді «Көлсай көлдері» ҰТП мемлекеттік мекемесінің басшысы Әміржан Малыбеков.

Көздің жауын алған жауһар көл жануар мен өсімдік әлеміне бай. Тіпті ғажайып мекенде сирек әрі жоғалып бара жатқан табиғат дүниесі мен жануарлар ұшырасып жатады. Мұнда шын мәнінде адамның қолы тимеген дүние сақталған. Көне мәдениеттік мұраның орындары бар. Ұлттық парк аумағында 40 түрлі жабайы жеміс-жидектің жеуге жарамдысы өседі. Олар: шетен, барбарис, танқурай, қой қарақат, ит мұрын, шыранак, қой бұлдірген, рауғаш, жабайы пияз, сарымсақ тағы басқалар. Емдік қасиеті бар жұпаргүл, укорғасын, томар дәрі, қондық шавель, калақай, мың тамыр, пиязма, кипрей, жалбыз, өгей шөп, қылқан жапырақты өсімдіктер өседі. Ақ жандырдан кейін көркін, бар тұлғасын аша жайнап тұратын өсімдік әлемінің дені емдік қасиетке толы.

Көлсай өңірінде 226-ға тарта жан-жануар кездеседі. Жалпы алғанда, Қазақстандағы жануарлардың 21 пайызын дәл осы өңір құрайды. Сұлулығымен, түрлі үнімен көз баурайтын құстардың 197 түрі бар. Жәндіктердің 735 түрі кездеседі. Кезінде сүйіншілеп жазғанымыздай, өңірде қар барысы бар. Тәуелсіз Отанымыздың өркендеуінің нышанына айналған қар барысының сұлу да сымбатты мекеннің адам аяғы тие бермейтін жерлерінде өмір сүріп жатқаны үлкен қуаныш.

Өндіріс

Алматы облысындағы Текелі қаласында жалпы саны 26 өндірістік кәсіпорын бар. Жуырда моноқала тағы бір өндірістік зауытпен толықты. Кәсіпкерлер палатасының жергілікті филиалының белсенді сүйемелдеуі арқасында жақында газ блок шығаратын кәсіпорын ашылды.

Жоба авторы әрі бастамашысы Текелі тұрғыны Динара Ысқакова. 35 жастағы іскер әйел үшін бұл бірінші және табысты бизнес-жоба болып шықты. Бұған дейін ол мемлекеттік қызметте жұмыс істеген. Екі жыл бұрын жұбайы екеуі отбасылық кәсіп ашу туралы шешім қабылдаған.

Д.Ысқакова «2015 жылы біз «Бизнестің жол картасы — 2020» мемлекеттік бағдарламасы бойынша несие алдық. Палата филиалы газ блогын дайындау жөнінде бизнес-жоспар әзірлеп, осы күнге дейін жобаны толығымен сүйемелдеп келеді. Кәсіпорынға 30 млн теңге шамасында жеке қаражатты жұмсадық.



КІРПІШ ШЫҒАРАДЫ

Оңай болды деп айта алмаймын. Бірақ ойлағанымызды іске асыра алдық», — дейді.

Бұл зауыт әзірше қалада газ блогын шығаратын жалғыз кәсіпорын. Өндіріс ресейлік құрал-жабдықта жүргізілгенімен, цемент, құм, алюминий ұнтағы және тағы басқа қажетті заттың барлығы жергілікті шикізаттан алынады. Құрылыс материалын түрлі көлем мен нысандағы ғимараттарды салуға пайдалануға болады. Жеке

су көліктері бар. Салт атпен серуендеу жүзеге асырылған. Жалпы, оның бәрін осы өңірдегі тұратын тұрғындар қолдарына алған. Жаланаң, Қарабұлақ, Саты, Құрметі өңіріндегі ел мен жұрттың әл-ауқаты жыл сайын арта түсуде. Әсіресе, Саты ауылының тұрғындары үйлерінің іргесін кеңітіп, жайлы қонақүйлер жасап, туристерді қабылдап, сол арқылы ырыс-құтын арттырып келеді. Келушіні атпен қылдырту да ауыл тұрғындарының несібесі. Қазактың онда да ауылдың құрт-майы, қымызы, ірімшігі маңызы көп сұранысқа ие. Қазактың сүт тағамдарын сатушыларға демалыс үйлерінің жанынан қолайлы жағдай жасалынып келеді.

— Жыл сайын өңірде саябақ шеруін өткіземіз. Өткен жылы бұл игі іс-шара Кеген ауылында жалғасын тапты. Еліміздегі түрлі туристік фирмалармен байланыстамыз. Кайткен күнде де келушілерге қолайлы жағдай жасау — басты міндетіміз, — дейді «Көлсай көлдері» ҰТП мемлекеттік мекемесі экологиялық ағарту және туризм бөлімінің басшысы Әділхан Батанов. Жоғарыда сөз еткеніміздей, биыл «Көлсай көлдері» ҰТП — нің құрылғанына 10 жыл толады. Мұнда соған орай есте қалар іс-шаралар ұйымдастыру көзделінуде. Ұлттық парк аумағында 17 қар барысының бары дәлелденген. Соған орай 10 жылдық дүниежүзілік қар барысын қорғау күніне байланыстырылып ғылыми конференцияға негізделмек.

Қанат БІРЖАНСАЛ

Өңір

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Игі бастама

Жыл өткен сайын Алакөл айдыны алқаған адамға толып, жағалауы туристік инфрақұрылымның қарқынды дамыған қалашығына айналып жатыр. Заман талабына сай жағалай қонақүй, демалыс орындары бой көтерген. Жол мәселесі шешімін тауып, демалушыларға тиімді жағдай жасалды. Соның бірі – киелі көлдің жағасында кереметтей әуежай салынып, халық игілігіне берілді. Осы ретте, үлкен шараға еліміздің түкпір-түкпірінен сыйлы қонақтар сапарлай келді. Олардың қатарында облыс әкімі Амандық Баталов та болды.

«Бүгін бәріміз үшін — тарихи күн. 2014 жылы Елбасы облысымызға жұмыс сапармен келгенде Алакөл көлінің туристік әлеуетін дамыту туралы тапсырма берген еді. Осыған сәйкес ауқымды шаралар іске асырылды. Оның нәтижесін өздеріңіз көріп отырсыздар. Бүгінге дейін мұнда 1 мыңдан астам қаржы тартылып, жана әуежай бой көтерді, — деп атап өткен Амандық Ғаббасұлы туристер үшін тағы бір жағымды жаңалықты тілге тиек етті. — Халыққа тиімді болу үшін билет бағасын субсидиялауға республикалық және облыстық бюджеттен 177,2 млн теңге қаржы бөлінді. Нәтижесінде билет бағасы айтарлықтай жеңілдетілді,

Әуежайдың құрылыс жұмыстары 2015 жылы басталды. Ол үшін аудан әкімдігі тарапынан жана нысанды салуға 4,5 гектар жер телімі бөлінген. Сонымен қатар жана әуежайда ұшу-қону жолағы қайта жаңғыртылып, әуе қозғалыстарын ұйымдастыруға ең қажетті деген радиотехникалық және метеорологиялық құрал-жабдықтар жаңартылған. Көпсалалы демалыс орындарымен қатар өзге де туристік мақсаттағы нысандар құрылысы да ойдағыдай жүзеге асып жатыр.

Естеріңізге сала кетсек, мұнда бұрын да әскери әуежай құрылысы салынған. 1980 - 1990 жылдар аралығында Үшарал — Алматы бағыты бойынша жолаушылар тасымалдау жұмысы атқарылды. Енді бұл нысанның әуе көліктерінің «ЯК-40», «АН-24», «Ембраер-124», «Сирджд-200» және тік ұшақтардың кез келген түрін



700 мыннан асыру жоспарланып отыр. Алакөлдің келешектегі туристік потенциалы да жоғары. Жана әуежайдың ашылуы туристер санының өсуіне ғана емес, жалпы аймақтың дамуына үлкен серпіліс әкелгелі тұр. Мұнда 14 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, ол бір мезетте 50 адамға қызмет көрсетеді. Келешекте аудандық

қабылдауға мүмкіндігі бар. Аталған әуежай аудан орталығы Үшарал қаласынан 12 шақырымды құраса, ал көл жағалауына дейін 86 шақырым қашықтықта орналасқан.

«Жетісу» әуекомпаниясы аптасына төрт рет «Астана — Үшарал — Астана» және үш рет «Талдықорған — Үшарал — Талдықорған» бағыты бойынша жолаушы тасымалдамақ. «Жетісу» әуекомпаниясының президенті Қалмұхамет Дөңсебаевтың айтуынша, келешекте бұл бағыттарға «Алматы — Үшарал — Алматы» бағыты қосылуы мүмкін. Бұл ретте билет бағасының да көңілге қонымды екенін айта кеткен жөн. Бас қала бағыты бойынша ұшу билеттерінің құны 16 мың теңгені

бюджеттің 50 пайызын туризм саласы толықтырады деп күтіліп отыр.

Дәл қазіргі уақытта туристер мен демалушыларды қабылдау үшін әрқайсысында 10 мың орын бар. 144 объект жұмыс жасап тұр. Биылғы жылы 12 туристік объект эксплуатацияға берілген. Осы орайда 150 адамға арналған жұмыс орны ашылған.

Қазірде Алакөлге тартылған 900,0 млн теңге инвестицияға салынған AQUAMARINE resort заманауи қонақүй кешені жұмыс істеп тұр. Ол «ЭКО-1» бағдарламасы бойынша салынған бірегей жалғыз қонақүй кешені. Жылына 30 мың туристі қабылдауға қауқарлы.

Кәсіпкерлік

Алматы облысында кәсіпкер Илмира Хакимова мемлекеттік бағдарлама шеңберінде бизнесін кеңейткен. Ол кәсіпкерлікпен 1999 жылдан бері айналысып келеді. Бастапқы кезде Талдықорған қаласында шағын дәмхананы жалға алып, жұмыс жүргізеді. Кейіннен жиналған қаражатқа дәмхана ашуды ойлап, құрылысын бастайды.

Кәсіпкердің көздеген мақсаты орындалып, 2010 жылы қалада дәмхана ашылады. Бірте-бірте бизнесін өркендеткен Илмира кондитерлік өнімдер пісіруді де қолға алады. «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасы аясында жана жабдықтар сатып алып, ісін дөңгелетеді. Өнімдері тұрғындардың көңілінен шығып, үлкен сұранысқа ие болады.

— Бизнеспен айналысқаным аз уақыт болған жоқ. Кәсіпкерлікті қолдау бойынша

МАҢДАЙ ТЕРДІҢ ӨТЕУІ

мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, аспаздық бизнесті дамытудамыз. Дайын өнім өз дүкендеріміз бен дәмханалар арқылы тұтынушыға жетеді. Жеке тапсырысты да орындаймыз.



Мемлекеттік қолдаудың арқасында несие алып қана қоймай, шетелден тәжірибеден өту бойынша қолдау алдым, — дейді Илмира.

Кәсіпкер бизнесін дамыту бағытында кезекті қаржыландыруға қол жеткізіп,

«Іскерлік байланыс» сияқты қаржылық және қаржылық емес бағдарламаларының белсенді қатысушысы саналады.

Бетті дайындаған Қажет АНДАС, Алматы облысы

Қазақ киносының тарихында алғаш рет «Тергеушілер» атты детектив жанрындағы қазақша телехикая түсірілуде. Туындыны «Хабар» Агенттігінің тапсырысы бойынша Adam Media Plus командасы дайындауда. Болған оқиғаларға негізделген фильмді түсіруге Украинаның белгілі режиссері – Ахтем Сейтаблаев шақыртылған.

— Ахтем, Сізді детектив жанры несімен қызықтырды?
— Бұл менің осы жанрдағы алғашқы жұмысым. Сценарий адам мінезінің түрлі қырын ашуға мүмкіндік береді... Көрермен әр бөлімнен өмірдің каншалықты ауқымды, кейде күрделі болатынын, дегенмен қашанда адамгершілікті сақтап қалу маңызды екенін түсінуге, әрбір істің соны жақсылықпен аяқталатынына сенуге және үміттенуге көмектеседі. Сондай-ақ бір-біріне қамқор, мейірімді болуды үйретеді.
Драматургиялық тұрғыдан алғанда, детектив жанры адам мінезінің, өзін ұстауының, өзара қарым-қатынастың қыр-сырлары мейлінше ашық көрінетін сәт. Сондықтан бұл маған қызық.



«Тергеушілер»

Ең бастысы, кәсіби команда жиналды. Түсіру тобы да, актерлік құрам да өз істерінің шебері. Сондықтан нәтиже жақсы

болар деп үміттенемін.
— Аға тергеуші ретінде нәліктен әйел адам таңдадыңыздар, әдетте бұл рөл ер-азаматқа беріледі ғой?
— Бұл көрермендердің қызығушылығын тудырады деп ойлаймын. Сонымен қатар гендерлік теңдікке де өз үлесін қосады (*құлді*). Мен қазақ қоғамындағы әдет-ғұрыптың ерекшеліктері туралы көп естігем. Алайда көптеген қазақ әйелдері ірі компанияларда басшылық қызмет атқарады, әйтсе де бұл, оларға, жақсы жар мен ана атануға еш кедергі емес. Сондықтан тергеу бөлімінің басшысы неге әйел болмаса? Гүлшарат Жұбаева — аса талантты, ынтыас бар және сұлу актриса.
— Детектив жанрында сериал түсірудің қиындығы неде?

— Мұнда технология үлкен рөл ойнайды, түсірілім алаңында барлығына — актерлік құрамға да, түсіру тобына да жинақы болу керек. Екінші жағынан хикая соңына дейін шиеленіске, әртүрлі экшн-сахналарға толы, бір сөзбен

айтқанда, көрермен теледидар алдынан кете алмайтындай қызықты болуы тиіс.

— Телехикаяның баламасы Германияда 10 шақты жыл көрсетілді. Осы уақыт аралығында көрермендердің қызығушылығын ұстап тұруға не себеп болды?

— Кино мен телевидение пайда болған күннен бастап детектив — жанр ретінде көрерменге қашанда қызықты болды. Себебі олар фильмдегі жағдайларға өзін және өз өмірін қойып көретін. Біздің сериалдың да әр бөлімі өмірдегіге ұқсас жағдайларға құрылған және басты кейіпкерлер туындаған қиындықтан құтылу жолдарын іздейді. Оқиғада шиеленіс пен шытырманнан бөлек, достық пен сатқындық, махаббат, өзара көмек, ар мен ақша арасындағы таңдау секілді адамгершілік аспектілері де қозғалады.

Сонымен бірге көрермендер үшін қандай актерлер ойнайтыны да маңызды. Біз кәсіби, халыққа танымал адамдарды таңдадық. Олар аудиторияға ұнайды деген сенімдеміз.

— Картинада еліміздегі полиция қызметкерлерінің жұмыс барысы боямасыз

көрсетіледі деп жоспарлануда. Бұл каншалықты мүмкін болуда?
— Қалай шыққанын көрермен бағалар. Бірақ бұл кино екенін естен шығармау

телехикаясы

керек. Өмірде болғанның бәрі кинода қызықты бола бермейді. Керісінше, кейде ешбір сценарийден кездеспейтін оқиғалар өмірде болып жатады. Әйтсе де біздің кейіпкерлердің сезімдері мен уайым-қайғылары, сенімді көрінуі үшін тырысамыз.

— Сіз үшін бұл телехикаяның маңызы қандай?

— Режиссер жасайтын кез келген істе — мейлі ол фильм немесе клип болсын, тіпті спектакль қойсын өзінің бір бөлшегі болады. Бұл сенін талғамыңның көрінісі. Біздің мамандық барлық затқа субъективті қарайды. Шығармашылық пен өнерде объективті пікір болмайды. Егер ондай болған жағдайда, Сальвадор Дали, Пикассо, Микеланджело мен басқада атакты өнерпаздар тумас еді. Алайда біздің кәсіптің ең керемет тұсы да осы. Өзіңнің көзқарасына сай әлем құрасың, ондағы адамдардың өмір сүру әдебин, ауыртыпалықтары мен максаттарын сен жасайсың. Сондықтан әр кейіпкерде режиссердің бір бөлшегі бар. Мейлі, тіпті ол кісі өлтіруші болсын (*құлді*). Егер команданмен жасаған дүние көрерменге ұнаса, демек, сенің әлемің, жандүниен мен сенің көрерменге жол таба алды деген сөз. Режиссер үшін бұл үлкен қуаныш.

Гүлсім КҮНЕЛЕКОВА

БАЙЛАНЫС



Жастармен қатар Алматыға шетелдік жоғары оқу орындарының басшылары ат басын бұрды. Мәртебелі меймандар ҚазҰУ-да алғаш рет өткен Жаңа Жібек жолы университеттері альянсінің атқарушы комитетінің (UASR) кезекті отырысында бас қосты. Бұл — шетелдік әріптестердің Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-ға артқан үлкен сенімінің дәлелі. Күн тәртібіне Жаңа Жібек жолын жаңғыртудағы университеттер жүргізген жұмыстардың нәтижелері, білім беру, ғылым және инновация саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған жобалар шығарылды.

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов алғы сөзінде халықаралық деңгейдегі аталған шаралардың маңыздылығына тоқталды. «Біз заман талабына сай нақты жобаларды құруға мүдделіміз. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен ҚХР төрағасы Си Зинпиннің өзара

«Жасыл экономикаға» жол салған университеттер одағы

келісімі нәтижесінде Қытай үкіметінің гранты бойынша ҚазҰУ-ға суперкомпьютер беріліп отыр. Оның негізінде біз Жаңа Жібек жолы университеттері альянсінің халықаралық IT-технопаркін құру жұмысын бастап кеттік. Бұл университеттер альянсіне кіретін 130-дан астам ЖОО-ға онлайн білім беру, ірі бірлескен инновациялық жобаларды жүзеге асыруға зор мүмкіндіктер бермек», — деді ректор.

Жыынға қатысқан шетелдік әріптестер ҚазҰУ бастамасына үлкен қызығушылық танытып, қолдау білдірді. Ливерпуль университетінің проректоры Дайана Берч: «Халықаралық IT-технопаркін құру — аса ірі әрі ауқымды жоба. Бұл білім мен ғылым саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықты жаңа сапалы деңгейге көтеретін болады. Ливерпуль университеті әлемнің түрлі университеттерімен, оның ішінде Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірлесіп жұмыс істеуге мүдделі», — дей келе, ұлттық университеттің жоғары ғылыми-инновациялық әлеуетін атап өтті. Ал Қытайдың Алматыдағы Бас консулдыңның мәдениет пен білім жөніндегі атташесі Ван Цин Пин бастаманың Жаңа Жібек жолы экономикалық белдеудің құру жөніндегі мемлекетаралық ауқымды жобаны жүзеге асыруға өз ықпалын тигізетінін айтты.

Сондай-ақ отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының басшылары халықаралық жастар форумына қатысқан студент-жастардың инновациялық зерттеу жұмыстарына баға берді. Гонконг политехникалық университетінің вице-президенті Ангелина Юн «Студенттер өз жұмысын таныстыру барысында қуат көздерін сақтау және тұрақты даму үшін қандай жасыл технология қолдануға болатындығы жайлы айтты. Жастар болашақ көшбасшы ретінде, ең алдымен, бұқара халықты, оның ішінде жастарды қуат көздерін үнемдеуге үйрету



маңызды деп санайды. Біз қуат көздерін сақтай білетін әрі жаңартылған энергияны өндіруді меңгерген көшбасшыны тәрбиелеп шығаруымыз керек», — деп, шараның студент-жастардың өзара тәжірибе алмасу, мәдениетаралық диалог пен тілдік байланыстарды арттырудағы басымдықтарын тілге тиек етті.

Жаһандану дәуірінің жастары ашық пікірталас алаңында жасыл энергия саласындағы өз идеясымен бөлісе отырып, аймақтағы жастар арасындағы ынтымақтастық пен бірлестіктің мүмкіндігін, әлеуметтік инновация арқылы тұрақты қоғам қалыптастырудың мәселесін талқылады. Түрлі аймақтан келген жастар 5 қала — Астана, Алматы,

қоғамдық көлікті енгізуді көздейді», — дейді. Өз кезегінде Гонконг политехникалық университетінің студенті Хармени Чанг ҚазҰУ қалашығынан алған әсерімен бөлісті. Ол «Қалашық өте үлкен әрі жап-жасыл екен. Маған қатты ұнады. Біз ҚазҰУ технопаркінде жүзеге асырылып жатқан студенттердің жасыл технология бойынша жобаларына қуә болдық. Студенттердің жұмыстары бізге ерекше шабыт сыйлады. Бұл шара мен үшін үлкен тәжірибе мектебіне айналды. Мен енді өз білімім мен күш-жігерімді болашақта қалай қолдануды білемін», — деді.

Айта кетерлігі, аталған шара қарсаңында ҚазҰУ-да ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін қолдау мақсатында Жаңа Жібек жолы университеттері альянсімен бірлесіп ұйымдастырылған «Жасыл технологиялар: Қазақстан мен Орталық Азия Ұлы Жібек жолы бойында» атты халықаралық жазғы мектебі ашылған болатын. Шілде айында Гонконг политехникалық университетінен бастау алған жазғы мектеп Қазақстандағы жетекші ЖОО-да өз жұмысын жалғастырды.

Мұндай кең ауқымды халықаралық жазғы мектеп шарасы еліміздің білім беру саласында тұңғыш рет өткізілді. Еуропа мен Азия ЖОО-ларында оқитын жүздеген студент мен магистрант

жазғы мектеп курсына қатысуға ниет білдірді. Дәріс пен пікірталасты Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік профессорлары мен шетелдік жетекші мамандар жүргізді. Студенттер жазғы мектеп аясында ҚазҰУ мен Колумбия университеті бірігіп ұсынған MDP Global Classroom бағдарламасының ұйымдастырушылары өткізген «БҰҰ үлгісі — Жаңа Жібек жолы» атты конференцияға қатысты.

Шара барысында шетелдік ЖОО басшылары мен студенттері Астанада өтіп жатқан ЭКСПО-2017 көрмесін тамашалау мүмкіндігіне ие болды.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ — Астана қаласындағы меншікті тілші

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ — арнаулы тілші

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Әбдіманан КЕНЕС — жастар және ғылым

Салтанат ШЫРЫНХАН — арнаулы тілші

Руслан ДОСТАЕВ — web-редактор

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-сайт

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қуаныш ТҮНҒАТАР — Алматы облысы (8 702 952 88 17)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Мендібай СҰМЕСІНОВ — Атырау облысы (8 775 955 77 34)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия pahmutba@online.no

Ұлхай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Әбдіманан КЕНЕС

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2124;
Бағасы келісім бойынша
Айлық таралымы — 52 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air-Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.

ОРАЙЫҒА
ӘНГЕМЕ
БОЛА МА...

Қазақ журналистикасының жотасы аласарып қалды. Ақылшы ағамыз, қадірменді қаламгер Жұмабек Кенжалин дүниеден өтті. 40 жылға тақау уақыт бойы табан аудармай журналистикаға қалтқысыз қызмет еткен қара нарымыздан көз жазып қалдық.

ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЖАМПОЗЫ ЕДІ



Өмірдің даңқы жеңіспен келмейді. Қайрат — қажырмен, үздіксіз еңбек етумен келеді. Жұмабектің өмірлік ұстанымы осындай болатын. Қиын да қызықты кәсібінің бабын тауып, замандас — қатарынан оза шауып, талай асуды бағындырса да қарапайым қалпынан бір сәт айнымаған қайраткер тулға қазақ баспасөзінде жүрек қанын сарқа жұмсаған ерен еңбегімен есте қалады.

Жұмабек Омарұлы қазақ газеттерінің төтенбей жанашыры еді. Басшылардың нарықтың қатат занын шыеп беруі үшін билігі мен тәжірибесін ортаға салып, ақыл-кеңесін аямайтын білікті медиа менеджері еді.

Қош бол, абзал аға! Тас түскен жеріне ауыр. Отбасына, туған-туыскандарына, әріптестеріне қайғырып, көңіл айтамыз.

«Жас қазақ» ұжымы